



АҒЫЛШЫНДАР ЖӘНЕ АЙМАҚ МҮДДЕСІ

Қазақ-британ қарым-қатынасының жаңа дәуірі

3



ҚАЗАҚТЫҢ ӨРНЕКТЕРІ ДЕ «СӨЙЛЕЙДІ»

7



АЙМАНОВТЫҢ АЛМАТЫСЫ

10

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛАДЫ

Алып шаһарда 27 сәуірде жаппай алма ағаштары отырғызылады

«Алматы – бақ қала» акциясы аясында осы жылдың 27 сәуірінде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының аясында жасыл желек егумен қатар, жаппай алма ағаштары егіледі. 7705 жасыл желек, оның ішінде 4015 жеміс (3855 алма ағашы) және 1090 жапырақты ағаш, 2600 бұта (сәнтал, ырғай, қабыржық, қаржеміс және т.б.) отырғызылмақ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалпықалалық акцияға Алматының барлық тұрғыны мен қонағы қатыса алады. Іс-шара барысында шығармашылық байқаулар (таңертеңгілік жаттығу, би флешмобы, йога,

викторина, шеберлік дәрісі және т.б.) өткізілмек. Көшет егу жоспарланған негізгі орындар: – ҰАК бойындағы көшенің солтүстігінде, Жаңа Сайын көшесінің шығысында орналасқан саябақ аумағында 500 жеміс ағашы (алма ағашы – 250 дана, өрік – 250 дана); – «АЛА» саябағының аумағында 2270 алма көшеті;

– Боралдай өзенінің бойындағы бақылау алаңында 1000 жапырақты ағаш. Аудан әкімдіктері алма аллеяларын құру, жапырақты ағаштар мен бұталарды отырғызу бойынша: – 1245 алма ағашын; – 90 жапырақты ағаш; – 2600 бұта (сәнтал, ырғай, қабыржық, қаржеміс және т.б.) отырғызады.


Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №35 (6486) 26 сәуір, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ

басты құндылығымыз әрі мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары



(Дереккөз: egemen.kz ; Суретті түсірген Ерлан Омар).

Мемлекет басшысының төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы өтті

Президент еліміздің бірнеше аймағындағы табиғат апаты салдарын еңсеру үшін жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталып, су тасқыны басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы да ортақ істен шет қалмай, белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мұның бәрі өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі екенін айтты.

Алқалы жиында көптеген елдік мәселелер талқыланды. Ел бірлігін нығайтуды көздейтін сан қырлы шаруа қорытындыланып, жаңа міндеттер айқындалды...

«Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу». Қазақстан халқы Ассамблеясының ғана емес, барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіреді. Басты миссиямыз – жасау, құру, жүзеге асыру. Бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз әрі мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала береді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2-3

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

26.04.2024

Түнде:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы: 2-7, найзағай кезінде екпіні 12м/с

27.04.2024

Түнде:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:

+12+14 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ

басты құндылығымыз әрі мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары

(Басы 1-бетте)

БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ – ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

– Жойқын су тасқынынан бұзылған үйлерді қалпына келтіру, зардап шеккен тұрғындардың қалыпты өмірге қайта оралуын қамтамасыз ету – дәл қазір Президент ретінде менің алдымда тұрған аса маңызды міндет. Сондықтан мен елімізде бұрын жоспарланған халықаралық іс-шараларды қысқарту туралы нақты тапсырма бердім. Биыл Астана халықаралық форумын өткізбейтін болдық. Әрине, бұл – елімізге қажет, өте маңызды жиын. Дегенмен, оны кейінге қалдыра тұруға болады. Ал кезек күттірмейтін кездесулер мен іс-шаралардың жөні бөлек. Бұл ел игілігі үшін керек. Ассамблея сессиясы жыл сайын Бірлік күні қарсаңында өтеді.

Ал биылғы басқосу мемлекетіміз үшін күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Шын мәнінде, бұл сессияны дәл осы кезде өткізудің мәні зор. Бірлік пен ынтымақ – ешқашан ескірмейтін құндылықтар. Бұған осы күндерде көзіміз жетті деуге болады, – деді Президент.

СЫН САФАТТА ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ

Мемлекет басшысы халқымыз өте ауыр сынаққа тап болып, Қазақстан аумағының жартысын тасқын су басып қалғанда еліміздің мызғымас бірлігі осы қиын күндерде айқын көрінгенін атап өтті.

– Халқымыздың ынтымағы мен жоғары азаматтық жауапкершілігі осы кезде айқын көрінді. Бірқатар аймақтар инфрақұрылымды және бүлінген үй-



лерді қалпына келтіруге кірісіп кетті. Бұл шаруаға ірі бизнес өкілдері қосылды. Қоғам белсенділері де зор үлес қосуда. Еліміздегі компаниялар, жеке кәсіпкерлер түрлі көмек қорларына қомақты қаржы аударды. Қаражат күн сайын түсіп жатыр, көмек қоры ұлғаяды деп сенемін. Кәсіпкерлерге зор алғыс айтамын. Болашақта да халқымыздың игілігі

үшін бірге жұмыс істейміз деп сенемін. Әрине, маңдай термен тірнектеп тапқан дүние-мүлікті бір сәтте жоғалту оңай емес. Мен мұны түсінемін. Зардап шеккен азаматтарға тағы да айтамын: бүкіл халық – сіздермен бірге. Көп ұзамай баршаңыз қалыпты өмірге қайта ораласыздар. Ол үшін мемлекет бәрін жасайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жһнында тұжырымдалғандай, ешкім елеусіз қалмайды. Мемлекет шығынды түгел өтейді. Тасқынның зардабын жою үшін бюджет шығыстары қысқартылатын болды. Мемлекет қаржысын қатаң үнемдеу режимі енгізіледі.

● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

МЕМЛЕКЕТ АЗАМАТТАРДЫ ҚОЛДАУ ҮШІН НАҚТЫ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАП ЖАТЫР

«БІЗ ЕШҚАШАН ӨЗ АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫ ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІНДЕ ҚАЛДЫРМАЙМЫЗ»

«Мемлекеттік саясаттың басты өзегі және жалпыұлттық бірегейлікті нығайтатын негізгі фактор – бірлік. Ортақ Отанымыздың тағдырына жанаширлығымыз біздің азаматтық сана-сезіміміздің өзегі болып қала береді. Ал ұлттық толеранттық, өткен заманның дәстүрлеріне және түрлі мәдениетке деген құрмет, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді білу – Қазақстан азаматтарына тән қасиеттер. Бұдан бөлек, мен аспан түстес төлқұжатымыз еліміздің жалпыұлттық бірегейлігінің ең қарапайым әрі түсінікті белгісі екенін үнемі айтып жүрмін. Көк паспорты бар әрбір адам ұлтына, көзқарасы мен наным-сеніміне қарамастан, Қазақстан азаматының барлық құқығын иеленеді. Қазақстан Республикасының кез келген азаматы әлемнің қай түкпірінде жүрсе де біздің мемлекетіміздің қорғауында болады.

Біз ешқашан өз азаматтарымызды тағдыр тәлкегінде қалдырмаймыз. Біздің көк паспортымызға еліміздің тұғыры саналатын басты құндылықтардың бәрі сыйып тұр. Оны бүкіл әлем заманауи озық мемлекеттің құжаты ретінде таниды. Қазақстан азаматтары ондаған мемлекетке визасыз бара алады және біздің табанды жұмысымыздың арқасында мұндай елдердің қатары көбейіп келеді. Қазір Қазақстан Әлем төлқұжаттары индексында 66-орында тұр.

Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бұдан бөлек, соңғы жылдары Қазақстан азаматтығынан бас тартқан адамдардың саны айтарлықтай азайды. Осының бәрі еліміздің тұрақты дамып келе жатқанын, біздің елге қызығушылықтың арта түскенін және мемлекетіміздің халықаралық беделі жоғары екенін көрсетеді», – деді Президент.

ҚАТЕРЛІ ҚҰБЫЛЫСТАРДАН БІРЖОЛА АРЫЛУЫМЫЗ КЕРЕК

«Мен Ұлттық құрылтайда қазір елге қауіп төндіріп тұрған бес кеселе тоқталдым. Ассамблея нашақорлық, құмарпаздық (лудомания), тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылық сияқты әлеуметтік кеселдермен күресу ісінде маңызды рөл атқарады. Қауіпсіз өмір сүру үшін

осындай қатерлі құбылыстардан біржола арылуымыз керек. Бұл – әсіресе, ұрпақтың болашағы үшін айрықша маңызды. Біз балалар мен жастарды барынша қорғап, дұрыс тәрбиелеуіміз қажет. Қоғамдық кеселдерді түбірімен жоюмыз десек, ортақ іске бүкіл ел болып жұмылған жөн. Ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамастан, оған барлығы атсалысуы керек. Мақсат-мұраты биік болса, елдің рухы да биік болады. «Адал азамат» болу аса маңызды.

МАҚСАТ ТА, НИЕТ ТЕ БІР БОЛУҒА ТИІС

«Қоғамда ұлтына қарай ерекшеленуге, оқишаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, я болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды. Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз бірінше осыған келе жатырмыз».

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ СӨЗБЕН ДЕ, ІСПЕН ДЕ ОРНЫГУЫ МАҢЫЗДЫ

«Билік елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шара қолданатын болады. Кім айтса да, мұндай бағыттағы түрлі қитұрқылық пен пәлеқорлықты қоғам қатаң сынға алады, құқық қорғау органдары да соған сәйкес әрекет жасайды. Қоғамда алауыздық тудыратын кез келген әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Азаматтарымыздың бізге қатысы жоқ ақпарат майданына араласып, өшпенділікті насихаттауы еліміздегі тұрақтылыққа және қоғамдық келісімге зор қатер төндіреді. Әрқайсымыз азаматтардың құқығы тең және еркін болуын қамтамасыз

ететін Ата Заңымыздың әрбір сөзін бұлжытпай ұстануымыз қажет. Заң мен тәртіптің ардағым және барлық жерде сақталуы, заң үстемдігінің сөзбен де, іспен де орнығуы маңызды. Біздің міндетіміз – қоғамда өзара құрмет пен сенімді нығайта түсу. Сондай-ақ, діни, аймақтық немесе әлеуметтік-экономикалық алшақтықты болдырмау үшін баршаға ортақ жаңа қағида-тәртіп мен ұстанымдар ойластыру».

ӘЛЕУМЕТТІК ТҮТАСТЫҚ ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚТЫ ДӘРІПТЕЙТІН ИНСТИТУТ

«Ассамблея мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысуы керек. Сондықтан оның ғылыми-сараптамалық әлеуетін дамыту қажет. Этно-әлеуметтік ишеліні ошақтарын анықтауға және ондай оқиғалардың алдын алуға баса мән берілуі тиіс. Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының мамандары этномедиацызға қатысты жұмысты қолға алды. Оның ауқымын кеңейтіп, бұл тәжірибені Ассамблеяның барлық ұйымдарына тарату қажет. Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәріптейтін институт ретінде нығайту керек.

Ең алдымен, Ақсақалдар кеңесі және Аналар кеңесі сияқты тиімді құрылымдарды дамыта түскен абзал. Министрліктер және әкімдіктер олардың қызметіне қолдау көрсетуі қажет. Арнайы гранттар бөліп, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беруі керек. Жастар Ассамблея қызметіне тың серпін әкеледі. Сондықтан Ассамблея құрылымдары мен этномәдени бірлестік басшыларының бір орынбасарын жастардан тағайындауды ұсынамын. Орталық және жергілікті органдар Ассамблеяның жастарға, әсіресе, волонтерлерге қатысты жобаларына жан-жақты қолдау көрсетуі керек. Мұндай жобалардың тізімін жасаған жөн».

АЛМАТЫДАҒЫ СЕЙСМОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ КҮШЕЙДІ

«Апаттарға қарсы күрестің тиімді жүйесін құруды көздейтін күрделі шаруа шешімін табуы керек. Сондықтан табиғат апаттарымен күресетін пәрменді шаралар

қабылдау үшін мемлекет пен ғылымның ықпалдастығын іс жүзінде қайтадан түзу қажет. Менің тапсырмаммен Таразадағы Қазақ гидромелиорация-құрылыс институты қайта құрылады. Сондай-ақ, Алматыдағы Сейсмология институтының әлеуеті күшейеді. Климат өзгерістерін зерттеп, тежеуге айрықша назар аударылады. Су шаруашылығы саласын басқару жүйесі, оның ішінде «ҚазСуШар», «Нұра топтық су құбыры» сияқты компаниялар да түгел қайта құрылады. Елдегі бөгеттер мен бөгендердің барлығы дерлік өткен ғасырдың 50-70 жылдары салынған. Заман талабына сай су қоймалары тапшы болғандықтан, биылғы тасқынның зардабы тіпті ауыр болды.

Сондықтан Қазақстанның 11 аймағында жаңадан 20 бөген салынады, тағы 15-іне күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонда 134 елді-мекенді су басу қатері едәуір азаяды. Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасына тасқынның алдын алу және оның салдарын азайту шаралары қосылады. Бұл шаралар халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленеді. Төтенше жағдайлар министрлігінің техникалық базасы жаңартылады. Оның арнайы техникасының, тікұшақтары мен ұшақтарының саны көбейтіледі. Ұлттық гидрогеология қызметі қайта құрылады. Бұл қызмет жер асты су ресурстарын барлау және қорғау жұмысымен айналысады. Қоршаған ортаның жай-күйіне бәріміз жауаптымыз, мұны естен шығармау керек».

ЭКОЛОГИЯ МӘДЕНИЕТІ: ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ ҚАҒИДАСЫ

«Қоғамда экология мәдениетін қалыптастырып, табиғатты аялау қағидасын дәріптеген жөн. Менің бастамамен елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны өтіп жатыр. Мұндай шаралар су тасқыны болған аймақтарда да ұйымдастырылады. Ескертпең, бұл – ешқандай да бір реттік іс-шара емес. Барлық өңірде аумақтарды көгалдандыруға және тазалауға көп көңіл бөлу керек. Әркім ортақ іске үлес қосатын болса, еліміз көркейе түседі. Біз қалалар мен ауылдарды абаттандыруымыз қажет. Әрбір үй, аула, тұрғын үй кешені, саябақ және басқа да нысандар әкімдердің де,



СЫНАҚ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мемлекеттік қызметкерлер
тест тапсырды

Логистика және көлік академиясында мемлекеттік қызметкерлер КАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық тест тапсырды. Бұл жолы Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлері, Алматының 8 ауданы әкімшілігінің қызметкерлері, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Шекара қызметі, Ұлттық банк, «Қазпошта», емханалар, басқа да қалаға қарасты құрылымдар, орталық әскери емхана, тағы басқа мемлекеттік мекеме қызметкерлері тест тапсырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекеттік қызметкерлер бұл күні мемлекеттік тілден 5 кезең бойынша сынақтан өтіп, арнайы тапсырмаларды орындады. Тапсырманы орындауға 1 сағат 40 минут берілді.

– Мемлекеттік қызметкерлер аталмыш сынақты 2015 жылдан бері тапсырып келеді. Осы уақыт ішінде алдыңғы екі деңгейді тапсыруға өтініш білдіргендер қатары азайғаны байқалады. Екі күн бойы екі мыңға жуық мемлекеттік қызметкер сынақ тапсырады, оның нәтижесі көп ұзамай белгілі болады, – дейді Алматы қаласы әкімі аппаратының тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің бас маманы Нұрмұқа Шаймерденов.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Бұл тақырып қала әкімдігінде жан-жақты талқыланды

Мегаполисте қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша құрылысты, әсіресе, таулы аймақтағы құрылысқа бақылауды күшейту жалғасуда.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Қала құрылысын бақылау басқармасы жыл басынан бері қаланың құрылыс нысандарында 377 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, заңбұзушылықтарды жоюға 211 ұйғарым берді. 2023 жылы 1074 тексеру жүргізіліп, 634 нұсқама берілді.

Ведомство өткен жылдың басынан бастап сотқа құрылыс нормаларын бұзғаны үшін 206 талап арыз жіберілгенін хабарлады. Оның 100-і бойынша талқылаулар бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

Бұған дейін қала әкімі Ерболат Досаев таулы жерде заңсыз құрылысты бақылауды күшейтуді тапсырған еді. Сотқа заңсыз объект бойынша 45 талап-арыз берілді. Соның 36-сы бойынша бүгінгі күнге басқарманың талап-арызы қанағаттандырылды.

Жалпы қала бойынша талап қою қызметінің нәтижелері бойынша өткен жылдан бастап 28 заңсыз нысан, оның ішінде бизнес-орталықтар, мейрамханалар, жапсырма құрылыс пен автосервистер, сондай-ақ «Мечта» мен «КНАН» сияқты ірі тұрғын үй кешендері бұзылды.

Бұдан өзге қала басшысының бастамасымен заңнамаға инспекциялау шеңберінде құрылыс жұмысын тоқтата тұру мүмкіндігімен құрылыс кезінде бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге мүмкіндік бе-



ретін «жедел ден қою шарасы» жаңа бақылау тетігін енгізу бойынша түзулер енгізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылдың маусым айында қала мәслихаты әкімдіктің бастамасымен аумақтың функционалдық аймақтарын салудың қала құрылысы регламенттерін іске асыру жоспарына өзгерістер енгізді. Ол өзгеріс беткейлері 15 градустан асатын учаскелерде құрылысқа тыйым салуды көздейді.

Қабылданған өзгерістер Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында және егжей-тегжейлі жоспарлаудың жаңа жобаларында көрініс тапты. Қоғамдық талқылау қорытындысы бойынша оған қала тұрғындарының, сарапшылардың бірқатар ұсынысы енгізілді. Олардың бірі – тау бөктеріндегі 4270 гектардан астам жерді рекреациялық аймаққа ауыстыру. Сонда да бұл жерде құрылысқа тыйым салынады.

Алматы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының мәліметі бойынша, тау бөктеріндегі жерде объектілерді жобалауға азаматтардың өтінші негізінде сол ай-

мақтағы топырақтың инженерлік-геологиялық дерегі беріледі. 2022 жылы 36 нысанның құрылысына рұқсат берілмесе, өткен жылы – 89, ал биыл – 32.

Биылғы жылдың 29 наурызында өткен кеңесте қала әкімінің тапсырмасына сәйкес қалалық Жоспарлау және урбанистика, сондай-ақ Қала құрылысын бақылау басқармаларының және аудан әкімдіктерінің мамандары тау бөктеріндегі аумақтарда өз бетінше құрылыс жүргізетіндерге тұрақты мониторинг жүргізуге тиісті.

Сонымен қатар, заңнаманы жетілдіру бөлігінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленетін құрылыс кодексіне қала құрылысын бақылау органдарының өкілеттіктерін күшейту жөнінде ұсыныстар енгізіледі. Бұл жерде жеке тұрғын үйлердің құрылысын тексеруге рұқсат беру туралы айтылып отыр. Өйткені, кейбір құрылыс салушылар тау бөктерінде жеке тұрғын үй құрылысының орнына көпқабатты үй тұрғызады.

Алматыда құрылыс саласында тәртіп орнату бойынша кешенді жұмыс жалғасады.

БІЗ БІРГЕМІЗ!

САУАПТЫ ІСТЕН ШЕТ ҚАЛМАДЫ

Алматы су тасқынына қарсы күреске қалай көмектесіп жатыр?

Алматы қаласының мамандары су тасқынынан зардап шеккен аймаққа 243 техника жіберіп, Батыс Қазақстан облысындағы қауіпті аумақтарға 23,5 шақырым бөгет салды.

Қажетті арнайы техникамен жаратқан алматылық мамандар бір аптадан астам уақыт бойы Батыс Қазақстан облысындағы су тасқыны болып жатқан жергілікті атқарушы органдарға көмек көрсетіп келеді.

Алматы әкімдігіне Бәйтерек ауданының 11 ауылынан басқа (Январцево, Красноармейский, Спартак, Рубежный, Озерный, Дарыинск, Володарское, Байқоныс, Ақсуат, Көшім, Янайкино), Жайық кенті де сеніп тапсырылды.

Қазір ауданда қала әкімдігі ұсынған 243 техника мен 76 200 шаршы метр арнайы су өткізбейтін материал (геотекстиль) бар.

Жедел штаб қызметі басталғалы су тасқыны қаупі жоғары 6 кентте барлығы 23,5 км бөгет салынды, су шайып кету қаупі бар аумақтарды нығайту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Кей жерде Алматыдан келген мамандар жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың бөгет салу кезінде жіберген технологиялық қателіктерін түзетті.

• **Январцево** кентінде ұзындығы 6,5 км, биіктігі 3-тен 4,5 м-ге дейінгі топырақтан бөгет тұрғызылды. Су толқынының ықтимал соққысы бағытында ұзындығы 600 м және биіктігі 6 м-ге дейін топырақтан бөгет тұрғызылды, құрылымның бүкіл еніне геотекстиль төсеу жалғасып жатыр. Жұмыс 90% аяқталды.

• **Рубежинское** ауылында ұзындығы 3 км, биіктігі 3-тен 5 м-ге дейінгі топырақтан бөгет салынды, бөгеттің шығыс және батыс бөліктерін қосу жұмыстары жүргізілуде, арақашықтық шамамен 800 м. Бөгетті нығайту жалғасып жатыр.

• **Дарыинское** ауылында кент бо-

йында, Нұрпейісова көшесі бойында ұзындығы 1,4 км, биіктігі 6 метрден, табанының ені 10 метр бөгет тұрғызылды. Бекініс үшін бөгеттің сырт жағына құм салынған қаптар төселген. Озерная көшесі бойында ұзындығы 1 км бөгетті нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр, сондай-ақ жағалау бойында ұзындығы 0,7 км бөгет салынып жатыр. Үш бөгеттің жалпы ұзындығы 3,1 км.

• **Володарское** ауылында кент бойында ұзындығы шамамен 2,1 км, биіктігі 3-тен 5 м-ге дейінгі топырақтан бөгет тұрғызылды.

• **Байқоныр** кентінде ұзындығы шамамен 4 км, биіктігі 3-тен 4 м-ге дейін топырақтан бөгет тұрғызылды.

• **Озерное** ауылы, кенттің шығыс жағынан ұзындығы шамамен 2,7 км, биіктігі 2-ден 4 м-ге дейін, табанының ені 4-тен 7 м-ге дейін, сөреліні ені 2-ден 4,5 м-ге дейін топырақтан бөгет тұрғызылды.

Сонымен қатар, техника Орал қаласының маңында орналасқан Жайық кентіне жіберілді. Бұл ауылда бұрын өздерінің күшімен ұзындығы 1,7 км, биіктігі 1-ден 1,5 м-ге дейінгі топырақтан бөгет тұрғызылған. Кентті қорғауды күшейту үшін ұзындығы 3 км-ге дейін, биіктігі 2 м-ге дейін, ені 7 м-ге дейін, геотекстильді қолдана отырып, доғалы пішінді екінші топырақтан бөгет салу туралы шешім қабылданды.

Айта кететін нәрсе, жедел жағдайға байланысты арнайы техника басқа кенттерге жіберіледі. Алматылық мамандардан құрылған жедел штаб өз жұмысын Батыс Қазақстан облысындағы жағдай қалыпқа келгенше жалғастырады.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.

КІМ КӨП
КӨМЕК БЕРДІ?

«Гелиос» компаниясына қарасты BSB корпорациясы 5 000 000 000 ₸

«Матен Петролеум» Бахаридин Аблазимов 2 700 000 000 ₸

«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» (ОАЭК) Сергей Кан 1 500 000 000 ₸

AltynEx Company 150 000 000 ₸

«Нефтехим Ltd» 50 000 000 ₸



Қосымша

BI Group 5 000 000 000 ₸

Allur Қазақстан автомобил компаниясы Андрей Лаврентьев 3 500 000 000 ₸

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

СӘУЛЕТ СТИЛІ

КӨКТЕМ – ӨЗГЕРІС
МАУСЫМЫ

Алматыда дизайн-код талабы енгізілуде

Қаламыздағы ғимараттардың бірінші және екінші қабатындағы, сондай-ақ тұрғын үйден өзге мекен-жайлардың маңдайша жазуы, сыртқы жарнамасы мен кез келген басқа сыртқы ақпарат, түс пен әрлеу материалдары қасбеттің сәулеттік стиліне сәйкес келіп, ғимараттың тұтастығын бұзбауы тиіс. Осы жылдың наурызынан бастап күшіне енген дизайн-кодтың талаптары – осы.

Айнабай
МӘДИ

Алматыда қаланың дизайн-кодына сәйкес келмейтін маңдайша мен плакат баннерлерін демонстрацияға астырады. Ең алдымен, маңдайша мен плакат баннерлері алынып тасталатын болады. Былтырғы 29 желтоқсанда Алматының дизайн-коды қабылданды. Нұсқамалар жиынтығы наурызда күшіне енді. Құжат жеті бағытты қамтиды, олардың біреуі ақпараттық баннерлерді безендіру мен толтыру, олар орналасқан объектілерді әрлеуге қойылатын талапты анықтайды.

Сондай-ақ, «Алматыбасжоспар» ҒЗИ және «Атамекен» ӨКП базасында бизнес өкілдерімен бірнеше жобалық семинарлар өтті, онда кәсіпкерлер «Маңдайшалар» мен брендбуктар бөлімін белсенді талқылап, өз ұсыныстарын ұсынды.

«Отандық суретшілер үшін өз туындыларын сала алатын визуалдық кеңістіктің бір бөлігін стандартқа салса, жақсы болар еді. Бұл шаралар қазақстандықтардың мәдени рухын көтереді», – дейді «Almaty Tourism Bureau» маркетинг бөлімінің басшысы Галина Голдберг.

Айта кетерлігі, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен кәсіпкерлерге дизайн-код талаптарына көшу үшін 1,5 жыл мерзім берілді. Талаптарға ерте бейімделу аясында кәсіпкерлерге бастапқы кезеңдерде субсидиялау нұсқалары қарастырылады.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

НАУРЫЗБАЙЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІ



(Суретті түсірген автор.)

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Наурызбай ауданы аумағындағы Абай мен Алатау даңғылдарының қиылысындағы таяу төңіректе қаланың белсенді тұрғындары, еріктілер, өнер шеберлерінің қатысуымен 400 түп алма, 300 түп қарағаш көшеті отырғызылып, аумақты тазалау жұмыстары жүргізілді.



Айнабай
МӘДИ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясы аясында ағаш көшеттерін отырғызу, бос жатқан аулаларды тазалау, көркейту жұмыстары жүргізілуде. Іс-шараға атсалысып жатқан азаматтардың арасында аудан

ардагерлері, «Аманат» партиясының аудандық филиалының өкілдері, аудандық салалық қызмет еңбеккерлері, аудан аумағында тұратын танымал өнер адамдары бір сәтке қолға кетпен, күрек ұстап, ағаш көшеттерін отырғызуда. Сұғаруға қажетті үш арнайы техника әкелінді», – дейді Наурызбай аудандық көріктендіру бөлімінің басшысы Оналбек Қыдырбаев.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«ТАЗА ТАУЛАР»:

ҚОҚЫС ЖИНАП, ТҮСКІ АСТЫ ТЕГІН АЛ!

Алматы қаласы Туризм басқармасы Almaty Tourism Bureau-мен бірлесіп, қала тұрғындары мен оның қонақтарын 30 сәуір күні сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін «Аюсай» мен «Горельник» визит-орталықтарының аумағында өтетін «Таза таулар: қоқыс жинап, түскі асты тегін ал!» акциясына шақырады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Акция «Алматы – біздің ортақ үйіміз» жалпықалалық науқаны аясында ұйымдастырылуда. Іс-шара жергілікті тұрғындар мен әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристердің сүйікті демалыс орнына айналған Іле Алатаудың бірегей табиғатының тазалығын сақтауға бағытталған.

Акцияға қаланың барша тұрғындары мен қонақтары қатыса алады. «Аюсай» мен «Горельник» визит-орталықтарының аумағында Visit Almaty стендтері қойылады. Мұнда нұсқаулықтар мен кеңес беру шарасы жүргізіледі. Қатысушылар қоқысты дорбаға салып, оны VisitAlmaty стендтері тұрған жерден тегін түскі асқа айырбастай алады.

«Таза таулар: қоқыс жинап, түскі асты тегін ал!» науқанының басты мақсаты – тауларымыздың ерекше табиғатын қорғау. Таудың таза ауасымен демалып, қоршаған ортамызды аялау. Денсаулығымызбен қатар, табиғатымызға пайда тигізу.

Іс-шараға қатысу үшін ыңғайлы қорғаныс киімі мен аяқ киім, бас киім, ауыз су, күннен қорғайтын көзілдірік пен арнайы крем алу керек.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны өтіп жатыр. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

АКЦИЯ

Өрт сөндірушілер де атсалысты

Алматылық құтқарушы-өрт сөндірушілер «Алматы – біздің ортақ үйіміз» ауқымды іс-шарасына қатысты. Алматы қаласы ТЖД қызметкерлері сенбілікке шығып, айналадағы аумақты ретке келтіру, өзінің белсенді азаматтық ұстанымын көрсету және қоршаған ортаны қорғау ісіне өз үлесін қосу үшін сыпырғыш, тырма және күректерін сайлады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мегаполистің барлық 20 өрт сөндіру бөлімінде аумақ былтырдан қалған шөп, жапырақтан тазартылды, ағаштар ақталды, қоршаулар боялды, ағаштар отырғызылды.

«Жұмыс тезірек жүруі үшін ашық аспан астында музыкалық сүйемелдеу ұйымдастырылды. Алматылықтарды сүйікті қаламыз таза әрі әдемі болуы үшін науқанға қатысуға шақырамыз», – деп атап өтті ТЖД басшысы Нұрлан Атығаев.

Сенбіліктен кейін қызметкерлерге дастархан жайылды. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны 8 сәуірде басталды. Әрбір тұрғын мегаполисті дамытуға және көркейтуге өз үлесін қоса алады.

ЭКОНАУҚАН



100 түп ағаш

Боралдай сақ қорғандарының аумағына отырғызылды

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясы аясында «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық паркінің аумағына 100 түп ағаш отырғызылды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Табиғатты аялау акциясына алматылық оқушылармен, студенттермен, музейлер қызметкерлерімен бірге актриса, «Томирис» фильмінің басты кейіпкері Альмира Тұрсын, танымал блогерлер Иван Червинский мен Нұрқожа Ерсайын қатысты.

– Қаламызда бүгінгі күні мемлекеттің қорғауына алынған 161 тарихи және мәдени құндылығы бар ескерткіш орналасқан. Оның ішіне археологиялық, архитектуралық, монументалды өнер ескерткіштері кіреді. Бүгін солардың бірі әрі бірегейі «Боралдай сақ қорғандарында» Алматы қаласы музейлер бірлестігі ұжымы археологиялық парк аумағында тазалық және көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Қаламыздың тазалығы, ең бірінші қала тұрғындары үшін керек. Әр азаматымыз және өскелең ұрпақ тарихымызды білу керек. Тарихымызды білсек, біздің болашағымыз жарқын болады. Әрбір ұлттың болмысын ашатын, сол ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі және әдет-ғұрпы. Тарихымызды біліп, салт-дәстүрімізді құрметтейік, – дейді Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова.

АБАТТАНДЫРУ

ҚАЛАМЫЗДЫ БІРГЕ КӨРКЕЙТЕМІЗ

Алматылықтар аулаларындағы қоршауларды бояды



Науқан басталғаннан бері қала тұрғындарына ашық көк, жасыл, сұр және шоколад реңктеріне дейін түрлі түсті 2,4 мың литр бояу тегін таратылды. Қала тұрғындары алынған лак-бояу материалдарын өз аулаларындағы беседкалар мен орындықтардың, сондай-ақ жеке үйлердегі қоршаулар мен қақпалардың көрінісін жақсарту үшін пайдалануда.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

– Көктем келді, қыс мезгілінде, тұрақты жауын-шашын кезінде жарылған және тозған қоршауларымызды ретке келтіру керек. Өз үйіміз бен учаскемізді жаңартуға мүмкіндік бергендеріңізге қуаныштымын, – дейді Алматы ауданының тұрғыны Нина Ивановна.

«Өз қоршауыңды/орындығыңды/беседкаңды көрсет» акциясы «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында өткізіліп, 8 мамырға дейін жалғасады. Негізгі назар халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ) санатына аударылуда.

Акцияларға қатысу үшін аудандық абаттандыру бөлімдеріне жүгіну қажет. Лак-бояу заттары өтеусіз негізде бір қолға 2 кг-ға дейін ұсынылады.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуір мен 8 мамыр аралығында Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны өтіп жатыр. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

Барлық ақпарат almaty.kz сайтында, Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілерінде орналасқан. Сондай-ақ, веб-сайтқа арнайы QR-код арқылы қала бойынша орналастырылған баннерлерде, плакаттарда және афишаларда кіруге болады.

Науқанның белсенді қатысушыларына арналған әлеуметтік желідегі хэштегтер: #АлматыНашОбщийДом, #НасМногоГородОдин, #АлматыБіздіңОртақҮйіміз, #Біз-КөппізҚалажалғыз.



БАСПАНА

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Алматы тұрғын үй саудасы бойынша көш басында тұр

Кез келген адам үшін бірінші кезектегі мәселе – баспанаға қол жеткізу. Әсіресе, үлкен қалалардан жеке немесе көпқабатты тұрғын үйлердің бірінен пәтер алу әркімнің-ақ арманы. Бірақ сол арманға қол жеткізудің оңай емес екені тағы бар.



Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәселен, Алматы секілді ірі қалалардан үй алу үшін қомақты қаржың болуы керек немесе тұрғын үйге қол жеткізуге бағытталған түрлі бағдарламаларға қатысқан жөн. Қазір Алматыдағы ЖОО мен колледждерде оқитын жастар көп, «екі қолға бір күрек» алып, жұмыс істейтіндері қанша?! Қалаға іргелес жатқан елдімекен тұрғындарының біразы осы мегаполисте қызмет етіп жатыр. Жыл өткен сайын артып келе жатқан халық саны... Міне, осының барлығы баспанаға деген сұранысты арттырмаса, кеміткен жоқ. Сондықтан үздіксіз даму үрдісіндегі Алматыда тұрғын үймен қамту мәселесі өзектілігін ешқашан жоймайды.

Сандар «сөйлесін»

Жалпы, елімізде тұрғын үйге байланысты жемісті әрі серпінді сауданың басым бөлігі ірі қалалар мен облыс орталықтарында жасалады. Ұлттық статистика бюросы мамандарының мәліметіне сүйенсек, көпқабатты үйлердегі ең көп сатылатын пәтерлер негізінен Алматы (24,3%), Астана (23,5%) қалаларына және Қарағанды облысына (7,9%) тиесілі екен. 2024 жылдың қаңтарымен салыстырғанда, көппәтерлі үйден пәтер сатып алу саны 4,4% (1128 мәмілеге) азайған. Ал ақпан айында пәтер бойынша барлығы 24 517 мәміле жасалыпты. Бұл көрсеткіштер жалпы мәміле санының 80,3%-ын құрайды. Бөлме саны бойынша 2 бөлмелі пәтерлерге сұраныс басым. Бұл пәтерлер бойынша 2024 жылдың ақпанында 9167 мәміле ресімделген.

Жалпы, елімізде наурыз айында тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша 26 389 мәміле жасалған. Оның ішінде 5574-і жеке үйлер бойынша болса, 20 815 мәміле көппәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлер үлесіне тиіп отыр. Бұл көрсеткіштерді 2024 жылғы ақпан айымен салыстырғанда тұрғын үйлерді сатып алу-сату бойынша жасалған мәміле

саны 13,6%-ға азайғанын аңғаруға болады. Десек те, мәмілелер саны бойынша көрсеткіш бұрынғыдай, Алматы (5191 – 19,7%) және Астана (5012 – 19%), сондай-ақ Қарағанды облысы (2071 – 7,8%) көшбасшы болып қала береді. Мәмілелер бойынша тұрақтылық Абай облысына тиесілі болып отыр. Бір қызығы, ақпан айында Алматыда баспана саудасы бәсеңдеп, 22%-ға қысқарған. Бұл көрсеткіш бір ай бұрын 1,5 мыңға көп болатын дейді сарапшылар. Жалпы, мамандар мегаполистегі баспана саудасы сегіз жылда бірінші рет үйлерді жалға беру бағасымен қатар төмендегенін айтады.

Жер үйді қауіпсіз деменіз

Баспанаға қатысты сауда-саттықтың бәсеңдеуі өткендегі жер сілкінісіне байланысты орын алғаны белгілі. Сарапшылар мұндай дүрбелең уақытша құбылыс деп есептейді. Сәл шегініс жасайық. Алматыда 23 қаңтар түнгі сағат 00.09 шамасында жер сілкінісі болып, қала тұрғындарының зәресін алған-ды. Мұндай тосын оқиғаны сезініп көрмеген алматылықтар арасында жүректерін үрей билеп, ауырып қалғандары да болды. Риэлторлардың айтуынша, дүмпуден кейін Алматыда көпқабатты тұрғын үйден жер үйге көшкісі келетіндердің қатары көбейген. Бұл кезде жеке секторлардағы үйлердің бағасы артып, оның құны 3-4 миллион теңгеге қымбаттап кетті. Жер телімінің бағасы да 1 миллион теңгеге өскен. Сенесіз бе, сол бір-екі күннің ішінде жер үй мен саяжайдағы баспананы тәуліктен жалдайтынның саны 4 есеге артып кетті. Оны біз «Крыша.кз»-тен көрдік. Мәселен сол кезде 2 бөлмелі үйлер 10 мыңға, 3 бөлмелі үйлер 25 мыңнан жалға берілді. Ұзынқұлақтан естуімізше, қазіргі уақытта тұрғын үй нарығында 9 қабатты тұрғын үйлердің жоғары қабаттарындағы пәтерлер жаппай сатылымға шығарылған.

Мысалды алыстан іздемей-ақ қоялық, менің көршім өткен жылы жеке сектордағы үйін сатпақ болып, есігінің сыртына «Үй

сатылады – Продаётся дом» деп хабарлама жазып қойған болатын. Үй іздегендер бағасын қымбат санады ма, әйтеуір, келген адам тез кері қайтып жатқанын өзін талай көргенмін. «Іздегенге – сұраған» деген осы шығар, жер сілкінісінен кейін қаладан көшіп кеткісі келгендерге әлгі үй бір аптаның ішінде сатылып кетті. Ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланған үйдің егесі пәтерінің құнын бірден көтере қойып, әжептәуір бағаға өткізіпті. Жаннан қымбат не бар дейсіз, қалталылар еш қиналмастан сатып алып, қоныстанып жатыр. Рас, қазір жеке секторлардағы үйлердің құны шарықтап тұр. Бірақ сол жеке үйлердің барлығын қауіпсіз десеңіз, қателесесіз. Олардың бар артықшылығы – жер сілкінісі кезінде сыртқа тез арада жүгіріп шығуға қолайлылығы. Онда да ол үй құрылыс нормаларына сәйкес салынған болса ғана... Әйтпесе, жер үйдің де жетісіп тұрғаны шамалы. Себебі, халықтың басым көпшілігі кезінде қалтасындағы барымен шамасына қарай өз білгендерімен үй салды. Олардың барлығы нормаға сай ма?!

Осы жағынан келгенде қала маңындағы жеке үйлердің барлығын қауіпсіз деп айту қиын. Құрылыс саласының мамандарының айтуынша, жер сілкінісіне төзімді құрылыс талаптарын бұлжытпай орындаған кез келген үй төзімді болады. Ең бастысы үйлерге антисейсмикалық белдеулер орнатуға ерекше маңыз берген жөн. Ал арақабырғаларда әрбір екі метр сайын темірбетонды қосындылар болуын қадағалау құпталады. Себебі, кез келген тұрғын үй ғимараты егер қолданыстағы кодекстердің талаптарын дұрыс орындамаса қақымдануы, тіпті құлауы мүмкін.

Жағдай тұрақтала бастады

Қазақстанның өзін-өзі реттейтін риэлторлар қауымдастығының президенті Александр Пактың айтуынша, жыл басында болған тұрғын үй нарығында сатып алу-сату бойынша құлдырау қазір тоқтады. Ол кезде мәмілелер саны 25–27% ғана болған. Қазір жағдай тұрақтала бастады. Қауымдастық президенті жыл соңына дейін баспана саудасы қайта жанданады деп пайымдайды. Риэлтордың айтуынша, қазір экономикастағы екі бөлмелі пәтерлер сұранысқа ие. Одан кейінгі кезекте бір бөлмелі пәтерлер мен үш бөлмелі пәтерлер тұр. Ал өңірлік бөлініс бойынша елдің оңтүстігінде сатылым біршама артқан. Солтүстікте керісінше, сауда жоқтың қасы деуге болады. Демек, 2024 жылы үйлердің бағасында аса бір өзгеріс байқала қоймайды.

– Тұрғын үй нарығындағы бағаның өсуі қолданыстағы инфляция шеңберінде жүргізілетін болады. Екі жетекші қалаға – Астана мен Алматыға қатысты ғана шамалы өзгеріс болғанымен, өсу динамикасы баяулауы мүмкін. Бұл шамамен 1,5 немесе 1,8% шамасында ғана, ең көп дегенде 2%-ға дейін ғана жоғарылайды. Сонымен бірге үйлердің бағасында анау айтатындай өзгеріс болмай-ды, – дейді қауымдастық басшысы.

Қорыта айтқанда, сарапшылардың сөзінен, жалпы, қалаларда, соның ішінде Алматыда пәтер бағаларының жақын арада арзандамайтынын ұқтық. Оған себеп болатын бірнеше фактор бар. Біріншіден, Алматының үлкен мегаполис екенін ескеруіміз керек. Оның үстіне шаһарға жан-жақтан жұмыс істеуге, оқуға келетіндер өте көп. Одан кейін үй салуға арналған құрылыс материалдарының басым бөлігі сырттан келетінін ұмытпауымыз керек. Тасымал шығыны да тұрғын үй құнына қосылып, бағаның көтерілуіне себеп.

Елдегі демографияның өсуі де жыл сайын тұрғын үйлерге деген сұранысты арттыруда. Қысқасы, «түстік өмірін болса кештік мал жи». Алматыдай ірі қалалардан үй алу үшін қаражат жинап үйрену керек немесе тұрғын үйге қол жеткізуге бағытталған түрлі бағдарламаларға қатысқан жөн.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Қасымхан БЕГМАНОВ, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, ақын:

«АДАЛ АДАМ. АДАЛ ЕҢБЕК. АДАЛ ТАБЫС»

Осы үш тағанды озық, әрі табысты елге айнарудың басты кілті деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев III Ұлттық құрылтайда.

Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы қажет. Жазушылар одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлқенов жақында осы мәселе туралы орынды пікір білдірді. Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұйыса түседі деп айтты.

Сонымен қатар, Президент еліміздің рухани дербестігін сақтап, нығайта түсу үшін дәстүрлі дініміз – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабы екенін айтты. Осыған орай түркі әлеміндегі сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Иассауи мұраларын терең зерделең, дәріптеуге айрықша назар аудару керек екенін де тілге тиек етті. Респубикалық ұлттық-этнографиялық «Дәстүр» журналының биылғы №1 санында «Қожа Ахмет Иассауидің қазақтың салт-дәстүрлері мен мәдениетін қалыптастырудағы орны» атты ғалым Закария Жандарбектің үлкен зерттеу мақаласын жариялаған болатынбыз.

Онда: «XI ғасырдың басында бүкіл ислам әлемінің рухани қуаты саркылып, рухани әлем мен адамзат арасындағы байланыс тоқырауға ұшырады. Сол кезеңде тарихтың сахнасына Қожа Ахмет Иассауи шықты. Ол жанқиярлықпен сол кезеңнің діндарларымен арпалыса жүріп, рухани әлем мен адамның рухы арасындағы байланысты қайта орнатты. Қожа Ахмет Иассауидің осы еңбегінің арқасында исламдағы үшінші кезең – Әулиелер дәуірі басталды. Осылай рухани әлем мен адамзат арасындағы пайғамбарлардан кейін үзілген байланыс қалпына келтірілді. Ол кезеңнің басында «Ахмади-с-сани» – «Екінші Мұхаммед», «Қуб ал-Ақтаб» – «Дүниенің тірегі» атанған Қожа Ахмет Иассауи тұрды». Осы Құрылтайда Мемлекет басшысы тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық – ұлтымыздың жаңа келбеті болуы керек деді.

Дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚОЛӨНЕР

Міне, қазір көктем. Айналамыз жасыл желек жамыла бастады. Көп ұзамай ұлы даланы қызғалдақтар жабады. Бұл көріністің ғажап болатыны соншалық, қазақ жеріне бейне гүлді кілем төсеп тастағандай әсерде боласыз. Ал қызғалдақтан бөлек, елімізде мыңдаған гүл өседі.

Табиғат-ананың сыйлап отырған осынау өлшеусіз керемет байлығын, яғни гүлдерді ою-өрнекте де қолдануға болады. Міне, осы орайда алматылық шығармашыл жан Айшақұл Байболдиева мен оның Құралай, Әлия есімді екі сәулетші қызының еңбегі үлкен.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ГҮЛ-КӨКТЕМ

Айшақұл Батырбекқызын осы бір нәзік әлемге, өміршең өнерге қызықтырып, жетелеген анасы Қыздығой Борықпайқызы еді. Шешейден кейінгі балалары сағындырып, күттіріп, араға біраз жыл салып келген соң, әкесі қызын ұлдың орнына жұмсап өсірген көрінеді. Шөп шабу, жинау, малға қарау, оның азығын дайындау, бау-бақшаны өсіру Қыздығойдың міндеті болса керек. Өзіне қолғабыс тигізіп жүрген қызына әкесі сөз арасында емдік қасиеті бар шөп түрлерін, олардың атауларын айтып отыратын болған. Кейін анасы малды өздігінен емдей беретін дәрежеге жеткен.

Түздің де, үйдің де шаруасын қатар дөңгелеткен шешейдің Айшақұлге ою-өрнектің жасалу, орналасу жолдарын, қандай өрнектер салу керектігін ұғындыруда көп көмегі тиді. «Ою-өрнекке не салсам екен?» десе: «Жерге нәр берген көк емес пе? Өсіп тұрған шөптен бастап, жеміс-жидекке дейін сала бер», – деуші еді.

– Шынында да, кейбір шөптер гүл құсап, өзінің өрнегімен тармақтанып өседі. Сол сияқты, әр шөптің өз өрнегі бар. Әр талдың үш бұрышы өзіне сай болса керек. Егер олар табиғаттың заңдылығына бағынбаса, жапырақ жапырақтың, тал талдың үстіне өсіп шығар еді. Сондықтан олар да бір заңдылыққа бағынса керек. Соның бәрін оюға салып өрнектеп, бір-біріне кесіріп тигізбей, қайта әшекейлесең, әдемі үстіне әдемі бола түседі. Өнер бізге нағашыларымыз жағынан келген, – дейді оюшы Айшақұл Батырбекқызы.

Иә, анасының шешесі, яғни нағашы әжесі Ұмсынай он сауағсыған өнері тамған, шебер, іскер, әрі сөзге шешен кісі болған деседі. Қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын бойына мольнан сіңірген әжейі теріні қамырдай илеп, неше түрлі тон, ішік, киімдерді өзі пішіп, өзі тігетін болған екен. Кілем, алаша, ши тоқы, киіз, текемет, тағы басқа тұрмысқа қажетті бұйымдардың бәрін өз қолымен жасаған. Осыған орай ою-өрнектердің де неше түрлі үлгілерін салған. Бірақ оның бәрі қағазға түспеген соң ұмыт болды. Айшақұл Байболдиева бүгінде сол ұлттық құндылықтарымыз жойылып кетпесе екен, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін деген тілеулес ниетпен нағашыларынан дарыған өнерді үзіп алмай, одан әрі жандандырып, қыздарымен бірге қазақтың дәстүрлі қолданбалы өнеріндегі ою-өрнектің ежелден сақталған үлгілерін бұзбай, бүгінгі уақыт талабына сай заманауи үлгіде ұсынып жүр.

ТАБИҒАТ СЫЙЫ

Сол оюларының басын біріктіріп, «Ою сыры», «Табиғат сыйы», «Дөңгелек ою-өрнек әлемі»

деп аталатын бас-аяғы жеті кітап-альбом басып шығарды. Оларды асықпай парақтап отырып, альбомдағы әрбір оюдың, өрнектің өзіндік философиясы мен терең мән-мағынасы бар екенін ұғынып, қызылды-жасылды ғажап бір әлемге еніп кеткендей болды. Өсімдіктерден,



ОЮ ДА ДА ОЙ БАР



3000-нан астам ою-өрнек жасап шыққан анасы мен қыздары туралы бірер сөз

Алмұрт – мал-мүлік, анар – тілектің орындалуы. Арпа-бидай – байлық, молшылық. Дән – келер ұрпақ. Дала гүлдері – қуаныш. Жаңғақ – қазынадағы мол мүлік, молшылық. Жасыл пияз – қиыншылықпен келетін табыс. Жеміс-жидек – мол ризық, пайдалы іс, таусылмайтын білім. Жиде ағашы – әдептілік, кішіпейілдік, баршаға жақсылық істеу. Жұпар иісті гүл – шынайы достық. Қалампыр – махаббат. Құрма – адал ризық. Қына – әдемілік.

– Дүние жүзінде жер бетінде көгеріп өсетін өсімдіктердің жалпы санын дөп басып айту өте қиын. Десек те, шамамен 70 мыңдай түрі бар деген болжам айтылады. Ою-өрнекті оқис, түйсін, түсіне білу де оңай емес. Оны көзбен көріп, іштей сезіне білу керек. Өйткені, ою-өрнекте айтылатын оялар түрлі иірімдермен астасып, өте нәзік кескіндермен бейнеленіп бедерленеді. Ою-өрнектің қасиеті – әдемі көріністі көрсете отырып, көңілді шаттыққа бөлейді, рухани азық ретінде жанды семіртеді. Болжасу, пайымдау, қиын жолдың шешімін табу сияқты көптеген мәселені ою-өрнекке қарап та отырып шешуге болады, – дейді Айшақұл Байболдиева.

«БҮЛБҮЛДАР» САЙРАЙДЫ

Ұлттық байлықты жоғалтпай, сақтап қалу мақсатымен ою-өрнекпен айналысып жүрген Айшақұл Батырбекқызы мен оның ісін жалғастырушы сәулетші қыздары – Құралай мен Әлия Оспановалар осы уақытқа дейін 3000-нан аса ою ойған. Қошқар мүйізді оюдың өзінің 45 түрі бар екенін айта келіп, Айшақұл апай бізге Алтын адам, аңқұс бейнесі, табиғат құбылыстары, тіпті, су перілері де көрінген тапқан ою-өрнектерін көрсетті. Әсіресе, «Солтүстік бұғы», «Пингвин», «Жираф», «Қасқыр», «Бұлбұл», «Аққу» сынды оюлары қатты таңқалдырды. Аң-құстардың бейнесін де оюға салып, қазақы нақышпен әрлеп, жан бітіруге болады екен-ау деп ойладық.

Иә, біздің палеолит пен неолит кезеңінен бастау алатын жартастағы бейнелер, жан-жануарларды кие тұтып салған суреттеріміз, аңшылық көріністер, қола дәуірінен жеткен қыш құмыралардағы геометриялық ою-өрнектер, мұның бәрі байырғы көшпенділер өнерінің көзенінен бастау алатын көркемдік дәстүрінің соншалықты биік болғандығын айғағы. Бертін келе соның бәрі бейнелеу өнерінің қалыптасып, дамуына елеулі ықпал етті. Міне, ою-өрнекте де заманауи үлгіде көрініс тапқан.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Жоңғарыда «Дөңгелек ою-өрнек әлемі» деп аталатын кітап-альбом жарыққа шыққан дедік. Онда апалы-сіңлілі Құралай және Әлия Оспановалар мен олардың анасы Айшақұл Байболдиеваның ой-қиялынан туындаған һәм дөңгелекке орнатылған 366 ою-өрнегі жинақталған.

– Біздің өмірімізде дөңгелектің атқаратын қызметі ұшан-теңіз. Қандай көліктің түрі болсын, оның міндетті түрде дөңгелегі болуы тиіс. Көптеген тұрмыстық бұ-

йымның да дөңгелектері бар. Дөңгелегі бар бұйымды орнынан жылжытудың еш қиындығы жоқ. Дөңгелек жол жүргенде жылдамдықты артуға, жеңілдетуге себепші. Сондай-ақ, біздің киіз үйіміздің құрылымы да дөңгелек. Ол сонысымен әдемі, әсем. Дөңгелек сынды күнде тұтынып жүрген тұрмыстық заттарымыз қаншама! Оның бәрі шексіздікті көрсетеді. Яғни дөңгелек ою-өрнектер көшпелі өркениеттің ХХІ ғасырға дейін түтінін түтетіп келген қазақ халқына бөтен емес, етене жақын мүсінік, – дейді Айшақұл Батырбекқызы.

Анасы мен балалары жасап шыққан дөңгелек ою-өрнектер осынау дөңгеленген дүниенің құпия-сырларын ұғынып, білуге көмегін тигізгісі сөзсіз. Ондағы нәзік иірімдерге толы ою-өрнектерді табақ, кесе беттеріне қолдануға болады. Тұрғын үйлер мен ғимараттарды безендіруге де пайдаланылады.

– Иә, кілем, сырмақ, текемет, басқұр, зергерлік бұйымдар, музыка аспаптары, ыдыс-аяқ, киім-кешек, үй жиһаздары, қару-жарақ, ер-тұрман сияқты заттарды ою-өрнектермен безендіру дәстүрі ежелден қалыптасқан. Ою-өрнектерді тасқа қашап салу, қышқа бедерлен салу әдістері де сәулетшілік өнерде қай заманда да кеңінен пайдаланып келген. Бір сөзбен айтқанда, табиғат пен адам үйлесім табуы отырған. Осы орайда бүгінгі заманның суреткер-дизайнерлеріне таныс пропорция, симметрия, асимметрия, колорит, ритм, композиция сияқты теориялық ұғымдардан еш мағлұматы жоқ дала шеберлерінің ою-өрнектеріндегі өлшем мен геометриялық пропорциялардың үйлесімділігіне, түс пен түрдің жарасымдығына таңдай қақпасақ шараң қалмайды! – дейді Айшақұл Батырбекқызы.


ЕХРО ТӨРІНДЕ

Айтпақшы, Айшақұл Батырбекқызы мен Құралай, Әлияның бірлесіп жасаған 12 метрлік ленга түрінде ұсынылған оюлары сонау жылдары «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің төрінен орын алғаны бар. Оған әсіресе, шетелдік туристер таңдай қаққан деседі. Жұртшылықты тамсандырған жұмыс марапатқа да ие болды.

Өрине, ою-өрнектерді түрлендіруге еңбек етіп жүрген шеберлер аз емес елімізде. Солардың ішінде Айшақұл Байболдиева мен апалы-сіңлілі Құралай, Әлияның да еңбегі ұшан-теңіз. Олар қазақ халқының көшпелі тұрмысының символикасы болып қалған ою-өрнек өнерінің бай үлгілерін жаңғырта отырып, олардың дамып, көркейе түсуіне үлесімізді қоса берсек дейді. Олар жасап жүрген ою-өрнектер де арман мен тілек, бақыт пен сүйіспеншілік, қуаныш пен мұң сияқты көңіл күйімізді дәл бейнелей алады.

Қазір ою оятын түрлі машина, аппараттар бар. Ал қазақтың колөнерін дәріптеп жүрген Айшақұл Байболдиеваның ерекшелігі – ол оюларының бәрін өз қолымен ояды. Бойындағы қуатын, энергиясын, ойын, қиялын жұмсайды. Өрнектерге рең беруде бояудың қанық болуына асқан талғампаздықпен мән береді.

Тарих тұңғығынан келе жатқан қайталанбас, тендесі жоқ, нақыш-символдарға толы ұлттық ою-өрнектерді дәріптеп, шаршамай, талмай насихаттап жүрген жандарға шығармашылық табыстар тілейміз.





«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»



«КӨКТЕМ КӨРКІ – ҚЫЗҒАЛДАҚ»

«Мектеп ауласының оазисі» жеңімпаздары марапатталды

Алматыда 8 сәуір – 8 мамыр аралығын қамтитын кең ауқымды «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты науқан өтіп жатыр. Бұл – өге ауқымды шара. Өйткені, тазалық бар жерде тіршілік бар. Сондықтан санамыз сілкініп, өзіміз де тазарып қалғандаймыз.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау тазалық мерекесінің арқасында қаламыздың көркі кіріп, «көзі» ашылып қалғандай. Алматы өзендерінің көпесі тазарып, арықтарының тамырына қан жүгірді. Бұған қоса, аталмыш компанияның миссиясы тұрғындарды біріктіру, өскелең ұрпаққа табиғи байлыққа ұқыпты қарау, қаламызды құрметтеу сияқты міндеттерді мінсіз атқаруды жүктеп отыр. Осынау уақыт ішінде тау бөктерлері мен соқпақтары, өзен аңғарлары мен жағалаулары күл-қоқыстан тазартылды. Көше бойларынан бастап аулалар, ойын алаңдары әлі де тазарып жатыр.

Аталмыш науқанға мектеп ұжымдарының аса белсенділікпен қатысқанын атап өткен жөн. Қаламыздағы «Оқушылар сарайының» «Жас натуралистер» стансасында «Алматы – біздің

ортақ үйіміз» науқанына белсене атсалысқан білім ошақтары марапатталды. Жеңімпаздарды қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова құттықтап, сыйлықтарын табыс етті.

– Ата-аналар мен оқушылар ару Алматымыздың гүлденуіне өз үлестерін қосып жатыр. Жайқалған ағаштар қатары жас көшеттермен толықты. Аулаға сан түрлі гүлдер ектіңіздер. Сіздердің жасаған игілікті істеріңіз әлі талай ұрпаққа сая болары сөзсіз. Оқушылар өз қолдарымен құстарға ұя жасап, қамқорлық танытып жатыр. Бұл да табиғатты сақтауға жасалып жатқан оң кадам, – дей келе, «Мектеп ауласының оазисі» аталымының жеңімпазы атанған ең үздік №178 лицей, №162 мектеп, №199 мамандандырылған гимназия, №46 гимназия, №52 мектеп, №78 мектеп, №129, №187 мектеп ұжымдарына бағалы сыйлық пен арнайы диплом табыс етті.

Біздің еліміздің даңқы қызғалдақпен шыққанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Еліміз ертеден-ақ жабайы қызғалдақтың отаны атанған. Ол теңеу тегін емес. Өйткені, кең байтақ даламызда көздің жауын алар қызғалдақтың жүздеген түрі өседі. Тіпті, гүл өсірумен даңқы шыққан Голландияның өзі біздің елді қызғалдақтың отаны деп құрмет тұтады. «Гүл патшалығы» атанған елдің «Қазақстан» деп аталатын қызғалдақтың сортын ойлап табуының өзі осы сөзімізге дәлел болса керек. Жыл сайын Оқушылар сарайының «Экология және биология» орталығы «Көктем көркі – қызғалдақ» деп аталатын фестиваль өткізіп, қала тұрғындарына қуаныш сыйлап келеді. Үрдіске айналған мерекеге ағылған жұрт жауынды да елемей, «жасыл қалашықты» бетке алды. «Көктем көркі – қызғалдақ» мерекесіне қала әкімі қолдау көрсетіп, Білім басқармасы ұйымдастырып отыр.

Дәл осы күнгі мерекені тамашалауға келген қала тұрғындары кең байтақ даламыздың ғана емес, қаламыздың да көркі болған қызғалдақтың бірнеше түрінің бар екенін көріп, оның

шығу тарихымен танысты. «Жасыл қалашық» төріне қызғалдақтың сан түрі бейнеленген суреттер, олардың тарихы көрсетілген. Осында арнайы «Қызғалдақ алаңы» бар. Бұл жерде балғын бояу шеберлері өсіп тұрған «дала ерекесінің» табиғи қалпын сол қалпында бейнелеу үшін барынша тырысып жатыр.

Міне, «Жас шеберлер» деп аталатын арнайы орынға жайғасқан қала мектептерінің жас флористері «Көктем гүлдерінің себеті» атты байқауға қатысуда. Сонымен қатар, бұл күні кішкентай арулар түрлі қалдықтардан тігіліп, міндетті түрде дала гүлдерімен көмкерілген костюмдер шеруі «Дефиллеге» қатысты. Бұл сәт талай жанарға қуаныш сыйлады. Табиғи қалдықтарды кәдеге асырып, одан қызғалдақ бейнесінде киімдер тігудің өзі үлкен шеберлік.

Осылайша гүл патшалығындағы «Көктемнің нәзік гүлдері» балалар дефилленің жеңімпаздары анықталды. «Экология және биология» бөлімінің педагогтері «Мың бір қызғалдақ» атты шеберлік сыныбын өткізіп, қаланың кішкентай тұрғындары асфальт бетіне түрлі гүлдерді бейнеледі.

Қызғалдақ фестивалінің «Поэзия алаңында» «Гүл-нәзік, гүл-ғұмыр, гүл-өмір» атты мүшәйра ұйымдастырылды.

Жылдың осы мезгілінде елімізде көктемде гүлдейтін эндемикалық өсімдіктердің сан түрі өседі. Бұлардың қатарында Алатау шафраны, қызғалдақтың бірнеше түрлері, ирис, басқа да өсімдіктер бар. Дегенмен, қазіргі кезде көктемнің алғашқы гүлдерінің түрі де, саны да азайып бара жатыр. Олардың көпшілігі Қызыл кітапқа енсе де, адамдар оларға қауіп төндіруін қояр емес. Олар гүлді аумаққа малын жайып, жер жырту, жабайы гүлдерді үзіп олардың жойылуына себеп болып отыр.

Шыны керек, біздің бойымызда әлі де қоршаған ортаға деген сезім аздау. Сондықтан Оқушылар сарайының «Экологиялық-биологиялық» бөлімі мектеп оқушылары мен қала тұрғындарының арасында белсенді түрде ағартушылық және тәрбиелілік жұмыстарды жүргізіп келеді. Көктемнің алғашқы гүлдерінің ғұмырын сақтау үшін жыл сайын тұрақты өткізіліп келе жатқан «Көктем көркі – қызғалдақ» фестивалі соның бір дәлелі.

НАУҚАН

«БІЗ ҚАЛАМЫЗДЫҢ ТАЗА БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫЗ»

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Наурызбай ауданының мектеп оқушылары ата-аналарымен және мұғалімдерімен бірге оқу орындарының аумағында түрлі сортты 2000 қызғалдақ отырғызды. Іс-шараға Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев, белгілі әнші Талғат Жорабаев қатысты.

Досбол
АТАЖАН

№157 мектепте ересектер мен балалардың экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Қоқыстың екінші өмірі» байқауы өтті. Оқушылардың өздері шағын сәулет нысандарын жасап, оларды түрлі-түсті гүлдермен безендіріп, ертегі мен мультфильм кейіпкерлерін өз шығармашылығының кейіпкер-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

леріне айналдырды. Оған қоса, «Құстарға ұя сыйлайық» атты мектеп челленджі аясында 1 мыңнан астам құс ұясы жасалды. Олар мектеп ауласында, саябақтар мен алаңдарда орнатылды.

– Бұл бастама «Гүлдер әлемі» деп аталады. Наурызбай ауданы

бойынша 1 күнде 2 мыңнан астам гүл отырғызылды. Гүлдер мектеп, тұрғын үй, көше бойында отырғызылып жатыр. Сондай-ақ, талантты оқушылар арасында қоқысты өңдеу және шағын сәулет нысандарын жасау бойынша конкурс өтіп жатыр. Бұл арқылы жастар арасы-

да қаланы күтіп баптау, таз ұстау, экомәдениетті қалыптастыру көзделген. Науқан қала тұрғындарын тазалыққа бейімдеп, өмір салтының бір бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді деген ойдамыз, – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нысаналиев.



КӨГАЛДАНДЫРУ

АЛМАТЫНЫҢ АЛМАСЫ

әлі талайды тамсандыратын болады

Мәдениет саласының өкілдері қаламыздың мәдени мекемелерінің маңына, саябақ пен гүлбақтарға жеміс көшеттерін егіп, алуан түрлі хош иісті гүл түптерін отырғыза бастады.



Айнабай
МӘДИ

Алматыда жаппай ағаш пен гүл отырғызу науқаны басталды. Мәдениет саласының өкілдері театр мен музейлердің, кітапхана мен архивтердің, зообақ пен цирк аумағына, сондай-ақ қаладағы саябақ пен скверлерде 1000 түп алма ағашын отырғызуды жоспарлауда. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына ұлт жанашыры, ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов қолдау көрсетті. Айбарлы ақын «Алатау» дәстүрлі өнер театры алдына алма ағашын отырғызып, экологиялық шараның қаланың тыныс-тіршілігіне аса маңыздылығын атап айтты.

«Бұл – жақсы қасиетті насихаттайтын, ынтымақ пен ауызбіршілікке шақыратын, мейірімділікке баулитын ауқымды шара. Мен 82 жаста болсам да, ортақ мүддеміз үшін азаматтық белсенділік танытып, ағаш отырғызуға келдім. Әсем Алматымызды көркейту жолында қала тұрғындары ғана емес, қонақтары да атсалысуы қажет. Мұндай бастамаларды қолдаған дұрыс деп ойлаймын. Алматы экологиялық мәдениет жоғары дамыған қалаға айналуға тиіс. Соған тырысуымыз керек», – деді Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шаханов.



Мәдениет саласының майталмандары мегаполисте 1000 түп алма ағашын отырғызады

Сондай-ақ, театр алдына ҚР Халық артисі Тұңғышбай Жаманқұлов, ҚР Халық артисі Рамазан Стамғазиев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Жанпейісова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ардақ Исатаева, ҚР мәдениет қайраткері Қадырғали Көбентай, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Еркін Шүкіман, дәстүрлі қазақ әндерін орындаушы Амангелді Күзеубай мен мәдениет саласының басқа да танымал өкілдері өз атынан алма көшетін екті. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алдына барлығы 60 ағаш пен 2500 гүл отырғызылды.

Бұған қоса, Алматы хайуанаттар бағының аумағында сала қызметкерлері 250 түп шомырт, мамыргүл, тал, талшын, бадам, жаңғақ пен көктерек отырғызды. Ал Қазақ мем-

лекеттік циркінің аумағында 70 көшет пен 40 гүл, қалалық музейлер аумағында 130 ағаш пен 400-ден астам гүл отырғызылды. Ертең, Алматыда «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында жаппай алма көшеттері егіледі. «Алматы – бақ қала» акциясы барысында барлығы 7705 жасыл желек, оның 4015-і – жеміс (3 855 алма ағашы) пен 1090 жапырақты ағаш, 2600-і – бұта (сәнтал, ырғай, қабыржық, қаржамас, т.б.) отырғызылды.

ТЕАТР ТӨңІРЕГІ ТҮРЛЕНДІ

Бұл күні «Нүркент» ықшамауданында орналасқан дәстүрлі өнер театры аумағы тазаланып, көлік тұрақтары ретке келтірілді. Көгалдандыру шарасына еліміздегі мәдениет

пен өнер майталманды бастап «Алматым жайнай берсін! деген ниетпен, «Атадан мал қалғанша, тал қалсын!» деген тілекпен белсене кірісті. Осындай ыстық ықыластан соң театр маңы көркейіп, көгере беретініне бек сендік. Шаһарымыздың шыр айына үлесін қосуға келген шайыр Шахановтың өлеңмен өрілген ақ батасынан соң жиналған қауым жеміс көшеттерін отырғызып, қыз-келіншектер жағы гүл отырғызуға көшті. Тер төгіп еткен еңбек те еленбей қалмады, «шашпа» палау желініп, күреш шәй ішілді.

«Барлығыңызға, театр маңына топтасып, мәдениет пен өнер ордасының көркеюіне үлес қосуға жиналған ақын, жазушы, өнер қайраткерлеріне алғысымыз шексіз. Қала әкімінің бастамасын іліп әкеткен

ілімді істеріңізге береке берсін! Бұл бастама – науқандық шара емес, мәдениетке, тазаруға шақыру. Қазақтың «Ауылына қарап, азаматын таны» дегені осы. Менің бүкіл өмірім, балалық, жастық шағым осы Алатау ауданында өтті. Театр маңын алмабаққа айналдырығымыз келеді», – деп үн тастаған қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаевтың сөзі жастарды ынталандырып, жігерлендіріп жібергендей.

Бас-аяғы бір-екі сағатта айнала көркейіп, гүл жайнап шыға келді. Қарасаң, көз тоймайды! «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, озық дәстүр – мұңтаздай тазалықты міндетіне алған жиылған қауым театр төңірегін ажарландыра түсті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

САХА ЕЛІНІҢ ЖҰМБАҚ ӘЛЕМІ

Шаһарда Якутия халықтарының музыкалық аспаптары көрмесі ашылды

Алматыдағы Саха (Якутия) Республикасының күндері аясында Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Якутия халықтарының музыка және фольклоры музейінің «Ғасырлар үні» жылжымалы көрмесі ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алғаш рет Якутияның ХХ-XXI ғ.ғ. әйгілі шеберлерінің қолынан шыққан ішекті, ішекті-ыспалы, ұрмалы, шулы аспаптары келушілер назарына ұсынылды. Сондай-ақ, көрме дәстүрлі якут әдісі бойынша ағаш, жануарлардың терісі, мүйізі, тұяғы сынды табиғи материалдардан жа-

салған интерактивті шулы, ұрмалы музыкалық аспаптармен толықтырылды.

Көрменің ашылуында Саха халықтарының музыкалық аспаптары мен шеберлері жайлы лекция және музейлік фильм көрсетілді. Музейге келушілердің интерактивті музыкалық аспаптарды ұстап көруі және оларда ойнап көру мүмкіндігіне ие болуы ерекше қызығушылық тудырады.

Іс-шараның ресми бөлімінде Саха Республикасы Мәдениет және рухани даму



министрі Афанасий Ноев Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне сиксир, ұруға арналған таяқшалары бар кюпюр, джага, ытығыя, хомус және кырымпа кыл кылыһах аспаптарын сыйға тартты.

Салтанатты іс-шарадан кейін музей сахнасында якут халық шебері, мәдениет үздігі, «Кыл Саха» ансамблінің мүшесі Руслан Габышевпен арт-кездесу және Қазақстан, Қырғызстан және Якутиялық дәстүрлі жанр орындаушылары қатысқан әлем эпостарының кездесуі кеші өтті.

«Ел музейлерінің дамуы, ірі көлемді жоспарлардың жүзеге асуы өзара тиімді

ынтымақтастыққа тікелей байланысты екенін атап өткім келеді. Біз қалыптасқан серіктестік қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз және алдағы әрекеттестігіміз Саха Республикасы мен Қазақстан Республикасының мәдени байланыстарының нығаюына ықпал етеді деп сенеміз. Якутия халықтарының музыкасы және фольклоры музейі мен Көшпелі музей командасына сәттілік тілей отырып, саха халқының дәстүрлі өнерін сақтау және насихаттау жолында өркендеу мен толағай табыстар тілейміз», – деп атап өтті көрменің ашылу салтанатында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.



ШӘКЕН АЙМАНОВ – 110

Күркіреп кезеңдер, дүркіреп дәуірлер өтсе де көңіл төрінде тұратын тұлғалар болады. Солардың бірі де, бірегейі, қазақ киносының көшбасшы кемеңгері Шәкен Кенжетайұлы Айманов екені алғаусыз ақиқат.



(Сурет: baq.kz сайтынан алынды)

АЙМАНОВТЫҢ АЛМАТЫСЫ

Тұлғаға оралу

Алдымен мынадай бір сауалға иек артып сөйлейік. Біз тұлғаларға неге оралып отырамыз, неге үлгі-өнеге тұтамыз? Қазіргі қазақ киносы, сахнасы неге жиі сыңға ұшырайды? Ұлттың көркемдік кеңістігінде не болып жатыр өзі? Сіздің рухани қажетіңіз неге қанағаттандырылмайды? Себебі, біз, дұрысы, ұлт өзін-өзі жоғалтып алған үзілді. Ұлт руханияты өз тамырынан кіндік үзіп барады. Жұрттың бәрі дүниелік, заманауи тақырыптарға бұрылып кеткен сыңайлы. Міне, осы тұста ұлт руханиятының көш басында болған тұлғалар тағылымын сүзгіден өткізіп, оларға оралудың қажетін терең сезінбеске әддің жок.

Шәкен Аймановты қазіргі интернеттің иіріміне түсіп кеткен ұрпақ білмеуі немесе «старомодный» деуі әбден мүмкін. Дейді демейміз, әбден мүмкін. Ал шын мәнінде, Айманов кім? Ол сол шеңберден шығармайтын заманның өзінде жанашылдыққа ұмтылып, ұлт болмысын ұлықтай білген ұлық тұлға болды.

Шәкен 1932 жылы небәрі 18 жасында Ғабит Мүсіреповтің назарына ілінді. Әлі де оңы мен солын танып үлгермеген бозбаланың бойынан ұлы Ғабең не көрді?

Арада жөңкіліп жылдар өткен соң барып өзін-өзі дәлелдеген Аймановтың бойынан сырбаз суреткердің не байқағаны қалың қазаққа түсінікті болып шыға келді. Моцарт екі-үш жасында құлағы шуылдап жылай береді екен. Осыған ұқсас бір жайды Шәкеннің тетелес інісі, халқына аты мәлім Кәукен аға Кенжетайұлы еді. Шәкен аға бала күнінде жылауық болыпты. Тіпті,

Баянауылда бір Секертас деген жер бар екен. Соның үстіне шығып алып жылайтын көрінеді. Бір күні мұны көрген Айманов ағасы Аббас деген кісі «әй, сендер бұған тимеңдер, мұны өнер қысып жылап отыр» депті. Сол кісі айтқандай, басқа сүрлеумен кетсе де ол тегін адам болмас еді. Халқының бағына өнерге келгенін қарасайшы. Міне, сол бір бойына бірнеше өнер жиган Айманов ұлт өнерін биікке көтерді. Елу алты жасында өмірден озды. Не деген ұқсас тағдыр десеңші, Мәжит Бегалин де, Абдолла Қарсақбаев та осы жаста бақиға қайтты. Осы бір кездейсоқтықтың өзінде де бір қисын бар ма қалай?! Егер отыздан асқанша қалыптасу, даму үстінде болды десек, небәрі 20–25 жылдың ішінде қалдырған ісінің өзі аңыз етуге жарап жатыр. Камал Смайыловтың айтқанындай, өмірден озарының алдында «енді Абайға кірісуге болады, актерім де әбден пісіп, жетілді» деген екен жарықтық. Демек, бұған дейінгі жанкешті ізденістер осы кесек туындыға барар жолдағы баспалдақ болған екен ғой деп топшылаймыз.

Жүйені жаңылдырып отырды

Аймановтың күні бүгінге дейін халық сүйіспеншілігінен бір елі ажырамай келе жатқанының сыры неде? Ол сол кездің өзінде ұлтшыл болды. Осы қасиеті оның ешкімге ұқсамайтын болмысын қалыптастырып, озық дүниелер жасауына жол ашты. Әуезов айтқандай, ол ұлт мүддесін қорғауға келгенде «қол батыры да, ой батыры да» бола алды. Кино ұлттық болған жағдайда ғана сен өзінді

де, өзгені де мойындап аласың деген берік ұстаным ұстанып өтті өмірден. Оның ұлттық өнерімізге алып келген осы қолтаңбасы талайлардың ұйқысын да бұзған. Озыр орталықта отырып алып, ойына келгенді жазып, жүйкесіне ши жүгірткендер де болған. Сол тұста «Известия» газетінде «Бір қолға екі қарбыз» деген фельетонсымақ жарияланып, мәскеулік тәсілмен Шәкен ағаның мысын басқасы келген. Алайда, алып Айманов оны елеуші ме еді, пысыққан да жоқ. Ұлт мұраты жолындағы суреткер ондай ұсақ-түйекпен, құқаймен айналысуға уақыт таба да алмайтын.

Айтары жоқ, Айманов «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген қағида қағынып тұрған тұстың өзінде ол түрі де, мазмұны да ұлттық дүние жасаудың жолын тапты. Шәкен қанша рет кино түсірсе, сонша рет сүйікті партияны да сан соқтырған шығар деп ойлайсыз. Ұлттың пайдасына, әрине. Ол кезде басқа халықтан гөрі қазаққа хандар, батырлар туралы фильм түсіруге мүлдем тыйым салынған болатын. Шәкен бұл тығырықтан да жол таба білді. Комедия жанрына батыл ден қойды. Аңыздағы кейіпкер Алдар көсе туралы ғажап фильм түсірді. Өзінің түбінде зіл, астарында ақиқат жататыны белгілі ғой. Осы туынды арқылы да ұлттың тарихын, ақылмандығын қызықты деректермен көктей шолып көрсетті. Қысқасы, өз ұлтына бүйрегің бұрып бара жатса, тез сезе қойып, мәселенді май шаммен қарайтын жүйені адастырып отырды.

Шәкенсіз сөйлемейтін

Шәкен халқынан ғана емес, өз ортасы, әріптестерінен де зор құрмет көрген адам. Соның бірі өнердегі жан серігі, жан досы, оператор Беркович еді. Оның бар киносын осы досы түсірді. Беркович өмірден озарының алдында қолында Шәкеннің даусы жазылған бірнеше таспа барын айтып, тиісті орындар назарына жазған хатына да сол кездегі берекесі кете бастаған билік мойын да бұрмағанға ұқсайды. Шәкен жөнінде кітап жазған ол арнайы деректі фильм де түсіріп, шәкентануға тұңғыш түрлен салды. Ал бұдан соң ұлы Мұраттың «Сен және фарс» (сайқымзақ қоғам) атты фильмі тұсау кесті. Бұл фильмнің басқалардан ерекшелігі, онда ой еркіндігі, әкесінің қазақ киносының лайықты өкілі екенін айта отырып, сенің заманың енді туып еді деген өзек өртер өкініш байқалады. Соның бәрін өзінің ішкі монологуна, жанайқайына, сана сарғайтқан сағынышына сыйғыза отырып, бекзат баяндайды. Сөйте тұра автордың кей тұста әке атына айтылған өкпе-назынан Шәкен аға беделіне еш нұқсан келмесе де, жалпы бұл қоғам қабылдауға тиісті жанайқай еді. Кезінде қоғамда үлкен айтыс туғызып, жұрт назарын аударған туындының тұсаукесерінде бірге болған Камал Смайыловтың мына пікіріне ден қойып көрейікші.

– Оператор Берковичтен кейінгі бұл фильмнен Шәкен ағаның өзімізге жақсы таныс өмірінің кейбір сәттерін көріп толқыдық. Әрине, әр суреткердің өз ұстанған бағыты болады. Мұрат уақыт жағына көп ауып кеткен, оны да түсінуге болады. Бірақ Шәкен ағаны өз мүмкіндігін пайдалана алмады, ісінде тиянақ болмады деуі кей тұста қайшы пікір туғызады. Фарс деп отырғаны да сол. Олай айтуға да болмас па еді. Шәкен аға өз жолымен жүрді, өзінің мақсатын, мұратын орындап отырды.

Қысқасы, бұл фильм сол кезең көзімен қарағанда сан қырлы, тағдырлы тұлғаның өмір жолындағы кейбір жұмбақтардың кілтін ашуға жасалған тұңғыш талпыныс еді.

Оны дүниенің қай бұрышына барса да құрметтейтін. Шекспирдің 400 жылдығында Англияда Отелло роліндегі актерлердің әлемдік сайысы өтті. Сол бәйгеде бас жүлдені алып, топ жарды. Оның дүниелік деңгейдегі дегдар екеніне мұндай мысал жеткілікті. Алайда, осы тұстан тақырыбымызға тура тартсақ, Ғабеңнің қалауымен 1932 жылы Алматыдағы драма театрыға келген Аймановтың осында 40 жылға жуық саналы ғұмыры өтті. Ол осында жар сүйді, перзент көрді. Қазақ өнерінің құбылысқа айналған айтулы кезеңдері өзінің ғажайып дәуренін бастан кешті. Аймановтың арқасында талай бұлақтың көзі ашылып, көркемөнеріміздің биік тұлғаларына айналды. Тақырыпқа тұздық болсын, Айманов ашқан аймаңдай тұлға Асанәлі Әшімұлының күнделігіндегі мына бір жолдарға назар қоныстыңызшы.

«Лермонтов театрында Померанцев Юрий Борисовичтің 95 жылдық мерейтойы болды. Шал спектакльде ойнады. Аса таңқаларлық құбылыс. Екі жарым сағат сахнада болып, әрі билеп, әрі толғанып, елді таңқалдырды. Мен: Юрий Борисовичке 95, маған 80 жас. Мен 95-ке келгенде ол 110-ға шығады. Екеуіміз осы сахнада «Король Лирді» ойнаймыз. Ол король мен Лир боп, деп жұртты ду құлдірдім. Ұлы режиссер Стуря Роберт Робертович Грузиядан арнайы келіп, қатысып отырған. Ол менің сөзімді жалғастырып. «Мен» «Король Лирді» қоюшы-режиссері боламын. Жүргізуші Якушев (театрдың директоры) қандай ұлы треугольник «Ашимов – Померанцев – Стуря» делі.

Басқасын былай қойғанда, Алматы дегенде Шәкен Аймановтың «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» көркем фильмдері еске түспей тұрмайды. «Біздің сүйікті дәрігердегі» басты кейіпкерді сомдаған әлгінде айтқан, Шәкен десе шығарға жаны бөлек Юрий Борисович. Қазақстанның Еңбек Ері, жүзге келіп өмірден өткен асақалдан қай кезде сұхбат алсаң, әңгімесінің жартысы Шәкен болатын. Шәкенсіз сөйлемейтін. Соңғы рет өмірден озарының алдында да «Шәкенді сағынып жатырмын» деп еді жарықтық.

Айтса айтқандай, ол Шәкенді бір күнде естен шығарған емес. «Мен алдымен Аймановқа, содан соң Алматыға, Аймановтың Алматысына қарыздармын. Егер мені Айманов фильмдеріне түсірмесе, мен кім болар едім?» дейтін шалдың сөзін біз жиі естіп өстік.

Аймановтың Алматысы. Шынында да Шәкеннің фильмдері арқылы тек сан қилы тағдыр, қызық өмір ғана емес, Алматының қайталанбас тарихи, көркем келбеті де қалды. Оның фильмдеріне ұлттық элитаның озық өкілдерінің бәрі түсті. Иә, қазіргі Алматы заманауи үрдістермен адам танымастай өзгерді. Алайда, арықтарында баланың басындай апорт жүзіп бара жататын, ауасы саф таза, жауыны жаңа жауып басылған, кептелісі жоқ Аймановтың Алматысын да сағынбай тұра алмайсың. Алыптарды берген, жақсылардың табанының ізі қалған Алматы ғой бұл. Бүгінде өзі жарты ғасырға жуық өмірі өтіп, мәңгілікке тыныстап жатқан Алматысында өзінің атында киностудия, даңғыл бар.

Қайсыбір жылы Алматы қонақүйінің алдында корифейге ескерткіш қойылды. Өзінің мәңгі жас, абат қалпын фильмдерінде мәңгілікке өшпестей етіп қалдырып кеткен ұлы режиссер сол күні тіріліп келгендей қуанып еді қала жұртшылығы. Соның ішінде де бәрінен де бетер қуанған Юрий асақал еді.

Қ. ҚОШҚАРУЛЫ.



(Сурет: el.kz-тен алынды).



ЛУДОМАНИЯ

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІ

қалада қалай құрықталып жатыр?



Быттырғы жылдың басынан бері ойын бизнесі саласында сотқа дейінгі 18 іс жүргізу тіркелген. Таяуда Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Сабырғали Балғалиев казино мен ойын автоматтары залдары Алматы облысында (Қапшағай) және Ақмола облысында (Шучье ауданы) орналасқанын, одан басқа жерлерде ашу заңсыз екенін атап өтті.

«Оңай» ақшаны бірден ұтып аламын деген үмітпен адамдар көбінесе казино мен ойын автоматтарына жалақысы мен қолында барының бәрін қалдырады. Жедел-тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, анықталған жерасты казинолары мен ойын мекемелеріне келушілердің дені жастар болып отыр», – деді Сабырғали Балғалиев.

Лудоманияның алдын алу үшін Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасымен бірлескен жоспарға қол қойылды. Халықтың құмар ойындардан бас тартуы қылмыскерлерді заңсыз табысынан айырады. Бір жыл көлемінде «Құмар ойынсыз қала» және «Стоп ойын» жедел-профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылды.

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 2023 жылдан бастап заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру деректері бойынша 18 қылмыстық іс қозғаған.

Қазіргі таңда 14 тұлғаға қатысты сот үкімі шығып, олар сотталды, 3 іс сотта қаралуда. Департамент өндірісінде 5 қылмыстық іс тергелуде.

Быттыр 4 ойын залы, 1 букмекерлік кеңсе, 5 астыртын ойынхана, 1 онлайн-казино, 2 дерек бойынша әлеуметтік желілерде құмар ойындарды ұйымдастырғандарға қатысты қылмыстық істер аяқталды. Заңсыз айналымнан 111 монитор, 102 процессор, 1 ойын терминалы, 6 видео ресивер, 900 мың теңгеден аса қаражат және 500 АҚШ доллары тәркіленді. Сондай-ақ, 1500 терминал жойылған болатын.

Департамент Алматы аумағында заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырған ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметін тоқтатты. Сондай-ақ, «Telegram» әлеуметтік желісіндегі заңсыз құмар ойындарды ұйымдастырушылардың түрлі ойын автоматтары, слоттары, кено, бинго және рулетка бар онлайн казино түріндегі қызметі тоқтатылды, бұл ретте спорттық іс-шараларға ставкалар қойылды. Жедел-тергеу іс-шаралары барысында «ТикТок» желісінде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, ставкаларды қабылдау, банктік аударымдар арқылы ұтыстарды есептеу және беру функцияларын қолдайтын онлайн құмар ойындар фактісі анықталды.

«Тергеу барысында Алматы қаласының тұрғындары әлеуметтік желілерде 12,9 млн теңгеден астам сомаға ірі мөлшерде кіріс ала отырып, төрт ай бойы заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырғаны дәлелденді», – деді С.Балғалиев.

Аталған мекеме «Ойын бизнесі туралы» ҚР Заңының нормаларына қайшы жұмыс істеді. Алматының екі тұрғыны ҚР ҚК 3-тармағының 307-бабының 2-бөлігінде қарастырылған қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылды (заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру, ірі мөлшерде табыс табумен алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы) және 1,6 жылға бас бостандығын айыруға үкім шығарылды. Бұдан басқа, заңсыз ойын бизнесі саласында осындай құқық бұзушылықтар ұйымдастырған 4 адам сотталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы
басшысының орынбасары:

– Басқарма әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Жастар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу» жобасын іске асыруда. Жобаға бөлінген сома – 30 млн теңге. Бюджеттегі өсім алдыңғы жылдармен салыстырғанда 4 есеге көбейді.

Өткен жылдың 23 тамызында «Интернетсіз күн» онлайн ойындардың жәрмеңкесі өтті. Бұл іс-шараны жыл сайын галамторға тәуелділікпен күрес жөніндегі Әлемдік интернет-қауымдастық атап өтеді. Іс-шара адамдарды компьютер мен галамдық желіден ашақтау мақсатында ұйымдастырылды.

Біздің мақсатымыз – қала жастары үшін қауіпсіз және салауатты болашақты құру екенін тағы да атап өткім келеді.

ӘДЕПТІЛІК



«ҚЫЗ – ҰЛТ АЙНАСЫ»

«Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының қолдауымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында М.Базарбаев атындағы №138 гимназия шаңырағында «Қыз – ұлт айнасы» атты қалалық байқау өтті. Байқауға Алматы қаласы мектептерінің 9–11-сынып оқушылары қатысты.

Осыдан біраз уақыт бұрын қала мектептерінде «Қыз – елдің көркі» атты арнайы бағдарлама енгізілген болатын. Бұл бағдарлама ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, қадір-қасиет, арнамыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге не қыз балаларды тәрбиелеу жолында оң нәтиже берді.

Өткізіліп отырған байқау да сол бағдарлама аясынан алысқа ұзамай, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, тілі мен мәдениетін, тарихын ардақтайтын, қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеуді мұрат етіп отыр. Байқау гимназия оқушыларынан құралған «Мұрагер» ұлт-аспаптар ансамблінің орындауындағы «Балбырауын», «Ерке сылқым» күйлерімен басталды. Мектеп басшысы Медет Қасымбаев байқауға қатысушыларды құттықтап, оларға сәттілік тіледі.

Байқау қорытындысы бойынша I орынды Бостандық ауданындағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның оқушысы Мөлдір Бекенқызы жеңіп алды. II орынға Әуезов ауданындағы №119 мектеп-лицейінің оқушысы Кәусар Нұрпейісқызы мен Жетісу ауданындағы №148 мектеп-гимназия оқушысы Гүлназ Жомартқызы ие болса, III орынға Медеу ауданы, Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия оқушысы Абай Тоғжан, Түркісіб ауданы, №59 мектеп-гимназия оқушысы Құралай Мұратқанова, Алмалы ауданының №58 ЖББМ оқушысы Ақдидар Ержанқызы лайық деп танылды.

ҮЗДІК ҰЙЫМ

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҒЫҢЫЗДЫ СЫНАҢЫЗ!

«Орта білім беретін үздік ұйым» гранты үшін конкурс басталды

Қалалық әкімшіліктің қолдауымен өтіп келе жатқан «Орта білім беретін үздік ұйым» байқауы басталды. Бұл байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №544 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында өткізіліп отыр. Алматы мектептерінің арасында өтетін байқау аудандық және қалалық кезеңдерден тұрады. Аталмыш конкурс 31 мамырға дейін өтеді.

Конкурс тиімді педагогикалық және басқарушылық тәжірибені жинақтау және тарату, ҚР-да орта білім беру жүйесінің даму тенденцияларын анықтау, мектеп педагогтары мен басшыларының кәсіби біліктілігін шыңдап, жас мамандарды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

Еліміздегі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және жоғары рейтингтік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін конкурсқа қатысушыларды Алматы қаласы әкімінің өкімімен бекітілген конкурстық комиссия іріктейтін болады.

Байқау қорытындысы 5 қазан – Мұғалімдер күні белгілі болады. «Орта білім беретін үздік ұйым» конкурсының грант мөлшері – 68 млн теңге.

КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗУ

ТАЗАЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ ТӘРТІП БАР

Түркісіб ауданындағы №44 мектеп-гимназиясының ұжымы да «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына белсене араласып жатыр. Науқан аясында «Көшет отырғызу» апталығы белгіленіп, жас көшеттер бой түзеді.

Мектеп ауласы мен ойын алаңдары ретке келтірілді. Мектеп басшысы Салтанат Болғанқызының айтуынша, науқанға №44 мектеп-гимназия ұжымы да жүйелі түрде қатысып, қала тазалығына өз үлестерін қосуда. Оқу ордасының білім алушысынан бастап, мұғалімі де, ата-анасы да қаланың

көркеюіне атсалысып жатыр. Мектеп аумағынан жаңа аллеяларды ашу да жоспарда бар.

– Өзіміздің екінші үйіміздей болған білім шаңырағын, оның ауласын таза ұстау – әрбіріміздің қолымыздан келетін шаруа, – дейді мектеп басшысы.

Науқан басталғалы мектеп ауласына тазалық жұмыстары жүргізіліп, ағаш көшеттері, түрлі гүлдер отырғызылды. Мектептің айналасы жасыл желекпен көмкеріліп, қазірдің өзінде қызыл-сары гүлге оранды. Осындайда мектеп пен ата-ана ынтымақтастықта болса, жасаған жұмыстың да нәтижесі болатыны айқын сезіледі екен.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ПАРИЖ – 2024

БИБАРЫСҚА ҮМІТ АРТАМЫЗ

Париждегі әлем көз тігетін додадан зор үміт күттіретін спортшыларымыз жетерлік. Соның бірі әрі бірегейі – Бибарыс Спатай. Елімізде үздік пара каноэші атанып кеткен Бибарыс спортпен 8 жылдан бері айналысып келеді. Осы ретте алматылық пара спортшымен тілдесіп, оның жарыс алдындағы дайындығы жайлы сұрап көрдік.

Су спортының саңлағы паралимпиада ойындарына қатысу құқығын биыл екінші рет алып отыр. Бұған дейін ескек есу бойынша Жапонияның Токио қаласында өткен паралимпиада ойындарында бақ сынау мүмкіндігіне ие болып, денсаулығына байланысты есе жіберіп еді. Ол енді сол олқылықтың орнын толтырса дейді.

– Өздеріңіз білесіздер, елімізде карантин болып, спорт саласы біраз ақсаңдап қалып еді. XVI паралимпиада ойындарына лицензия жеңіп алдым. Бірақ өкінішке қарай өзім қалаған нәтижені көрсете алмадым. Менің мақсатым тек қатысу болмады, мен алтынға үмітті едім. Оған себеп – өзіме тым көп жауапкершілік артып алуымда болды деп ойлаймын. Паралимпиада ойындары алдында қатарынан екі рет бәйгеге түсіп, ең маңызды дода жақындағанда 6 ай кәлемінде төсек тартып жатып қалдым. Соның әсерінен оқу-жаттығу жиындарынан да қалып қойдым. Соған қарамастан рекордтық уақытты қойып жақсы нәтижені көрсеттім. Сол сәттен бастап менде паралимпиада ойындарына деген түсінік қалыптасты. Осы жолы өз-өзіме сенімдімін, – деді Бибарыс Спатай.

Жақсылықтан күдер үзбеген ел мақтанышы алдағы Әлем кубогынан да демелі. Әңгіме барысында спортшы өзінің оқу-жаттығу жұмыстары жайында айтып берді.

– Алдымен өзім сүйген спорттың қызығы мен шыжығын айтып өтсем. Су спорты болғандықтан біз ауа райын қалт жібермей бақылаймыз. Себебі, біздер жылдың төрт мезгілінде де жаттығуға береміз. Кейде қар жауып, кейде жаңбыр жауып, тіпті тұманды күндерде де бірге дайындаламыз. Осындай арпалыстардан кейін біз шыңдала түсеміз. Паралимпиадаға дейін Әлем кубогына таласатын боламын. Қазір фокусым осында. Ал паралимпиадаға дайындық мүлдем басқаша болады. Оның жауапкершілігі екі есе жүктелген. Өткен паралимпиада біраз спортшымызға үлкен сабақ болғаны анық. Кеішегі мен бүгінгі сабақтастырудан аулақпыз. Себебі, өткен іске өкпе жоқ, келешектен үміт көп, – деді ол.

Бибарыс Токио және Париж паралимпиадасына дайындықтарындағы айырмашылықтар мен өзгерістер туралы да айтып берді.

– Әрине, айырмашылық бар. Мен ол кезде жас болдым, әрі маған лицензия оңай бұйырған болатын. Әлем кубогында 9-шы орынды алған болсам, қазір үздіктердің арасында бесіншімін. Осыдан-ақ өскенім байқалар. Одан бөлек, бәсекеестіктің жоғарылағаны әсер етті. Себебі, бұл уақытқа дейін пара каноэге қызығушылық танытатындар аз болды. Уақыт кеңістігіне салып қарасам, Токиого дайындалғанымызды бүгінмен салыстыруға келмейді. Сондай-ақ, 5 жыл бірге жаттыққан бапкерімді ауыстыруға тура келді. Маған жаңа тактика, жаңа серпіліс, бір сөзбен айтқанда өзгеріс керек болды. Тіпті осы үшін басшыларға барып «Не мен жаттықтырушыны ауыстырам немесе спортты тастаймын» деген шарт қойғаным бар. Оған да батылдық керек болды. Дегенмен, сол қайсарлықтың арқасында бапкерімді ауыстырып, әрі спорттағы мансабымды көтеріп алдым. Адам алдымен өзіне не керек екенін білмесе, оның жасағанының бәрі бекер. Соңғы уақытта осындай маңызды шешімді қабылдап, бүгінде үздік нәтижелерді көрсетіп жүрмін. Паралимпиада да ел қоржынына алтын салсам деген ақ ниетім бар, – деді Бибарыс Спатай.



ФУТБОЛ

ҚАЙРАТ – АҚТӨБЕ

«Орталық» стадионға 23 мың жанкүйер жиналды

Алматыда Қазақстан Премьер-Лигасының ең тартысты ойындарының бірі – Қайрат пен Ақтөбе арасындағы ойын өтті.



23 мың 804 адамға арналған орны бар «Орталық» стадион лық толып, матч алдында барлық билеттер сатылып кетті. Ойын күні алаң сыртында алыпсатарлардан билет іздеп, жалынды ойынды жақыннан тамашалауды аңсаған адамдар да көп болды. Матч басталғанға дейін ақтөбелік жанкүйерлердің Арбат пен метродағы шеруі және алматылық жанкүйерлердің цирк алды мен стадион маңындағы қолдауының бейне-жазбалары әлеуметтік желілерде тарап, бұл кездесуге деген қызығушылықты арттыра түсті.

Шаршы алаңдағы ойынның өзі де тартысты өтті. Алғашқы минуттан алаң қожайындары қарсыластарына қысым көрсетіп, «Ақтөбе» қақпасына бірнеше жойқын соққы жасады. Алдымен, 7 нөмерлі Зария тепкен допты қонақтардың қақпасына қайтарса, екінші бір сәтте 11 жейделі Жоао Паулоның баспен ұрған соққысы қақпаның жанынан өтті. Алматылық ойыншылардың қарқынның матчтың бас төрешісі Данияр Сахидің ысқырығы тоқтатты. Ол VAR жүйесін қарағаннан кейін «Ақтөбе» шабуылдарының бірінде доп алматылық жартылай қорғаушы

Әділет Садыбековтың қолына тигенін растап, Устименко қақпасына айып добын тағайындады. 11 метрден соққы жасаған Әлібек Қасым ойында есеп ашып, «Ақтөбені» алға шығарды. Бірінші таймның соңына дейін есеп өзгерген жоқ.

Кездесудің екінші жартысы қайтадан алаң қожайындарының шабуылымен басталды. Бірақ алға ұмтылған алматылықтардың қателігін пайдаланған «Ақтөбе» ойыншылары 68-минуттағы қарымта шабуылды нәтижелі аяқтады. Бұл жолы Максим Самородов көзге түсті. Ойын негізгі уақыты аяқталып қосымша минуттар жүрген кезде Самородов қонақтардың үшінші, өзі үшін екінші голды соқты. Ал 90+6 минут кезінде алматылықтардың соңғы шабуылы Вячеслав Швыревичтің голымен аяқталды. Осылайша матч 1:3

есебімен «Ақтөбенің» пайдасына шешілді. Бұл жеңістен кейін батыс аймақтың командасы Қазақстан біріншілігінде 10 ұпаймен бірінші орынға шықты. Ал «Қайрат» – «Қызылжар», «Ордабасы», «Тобыл» алға жіберіп, 5-орынға түсті.

Айта кеткен жөн, бұл ойын «Таза қала – ортақ жеңісіміз» ұранымен эко-матч ретінде өткізілді. Матч соңынан кейін өткен баспасөз-мәслихатында «Қайраттың» бас бапкері Кирилл Кекер жеңіліс үшін жанкүйерлерден кешірім сұрады: «Трибунаға келген жанкүйерлерге үлкен алғыс айтамын. Бұл Қазақстан футболының дамып жатқанының белгісі. Сонымен қатар, жанкүйерлерімізден кешірім сұрағым келеді. Ойында жеңбесек, демек бірдеме кәте нәрсе істеп жатырмыз деген сөз. Бұл жеңіліс үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын».

QAZAQSTAN JUNIOR LEAGUE

ЖАСТАР ЧЕМПИОНАТЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылған Qazaqstan Junior League, яғни Қазақстан жасөспірімдер лигасы қайта жанданды. Лиганың ашылу матчы Шымкент қаласында «Тараз» және «Астана» жасөспірімдер командалары арасында өтті.



QJ лиганың бірінші маусымында елдің 10 аймағынан 12 жасөспірімдер командасы қатысқан болатын. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Freedom QJ League Қазақстанның үздік спорт ұйымы болып танылды. Биыл екінші маусымда лиганың географиясы кеңейіп, турнирге еліміздің 18 аймағының жасөспірімдер командалары қатысатын болды. Жаңа маусымда QJ League аясында 320 матч жоспарланған. Бұл ойындарының алғашқылары өткен демалыс күні өтіп те үлгерді. Шымкент қаласында «Тараз» және «Астана» жасөспірімдер командалары арасында ашылу матчы өтті.

Айта кеткен жөн, маусымның алғашқы ойыны Тараз қаласында өтуі керек болған. Бұл матчқа 10 мың билет сатылған. Алайда, кездесуге бірнеше күн қалғанда ҚР

Туризм және спорт министрлігінің бұйрығымен ойын алаңы өзгерді. Ал QJ лиганың баспасөз қызметі барлық билеттің қаражаты қайтарылатынын және 5 миллион көлеміндегі сомма су апатынан зардап шеккен өңірлерге жіберілетінін хабарлады. Дегенмен, туындаған қиындықтарға қарамай жасөспірімдер лигасының алғашқы ойындары сәтті өтті. U17 санатындағы «Тараз» және «Астана» командаларының ойыны 1:2 есебімен елордалық ойыншылардың пайдасына шешілді.

Сондай-ақ, «Ордабасы» «Шахтерді» 4:0 есебімен жеңсе, «Каспий» мен «Қыран» 2 голдан соғып, тең ойнады. Ал «Ақсу» «Қайсарды» (4:1 жеңсе, «Атырау» «Ақтөбеге» (1:2) есе жіберді. Бірінші айналымның қорытынды ойыны – «Қайрат» «Тобыл»

кездесуі 5:2 есебімен алматылықтардың пайдасына шешілді. Барлық ойындардың трансляциясы YouTube желісінде жүргізілді.

Айта кеткен жөн, QJ League 2025 жылға қарай кем дегенде тағы екі есе кеңейіп, қыздар үшін бөлек лига құрылуы мүмкін. Барлық қаржыландыруды Лиганың бас серіктесі – Freedom Holding Corp қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.

«QJ League өткен маусымда іске қосылуы сәтті болды деп санаймын, Лига өзінің басты мақсатын орындайды – бұл ұлттық құрамаға резерв дайындау. Біздің жас футболшыларымыз өздерін кәсіби сезінуге және ересек футболға ауыртпалықсыз өтуге мүмкіндік алды», – деді ҚФФ президенті Әділет Барменқұлов.

QJ League – 2024 қатысушыларының тізімі: «Ақжайық» (Орал), «Ақсу» (Павлодар облысы), «Ақтөбе», «Алтай» (Өскемен), «Астана», «Атырау», «Елімай» (Семей), «Жас Қыран» (Алматы), «Жетісу» (Талдықорған), «Қайрат» (Алматы), «Қайсар» (Қызылорда), «Каспий» (Ақтау), «Қызылжар» (Петропавл), «Окжетпес» (Көкшетау), «Оңтүстік» (Шымкент), «Ордабасы» (Шымкент), «Тараз», «Тобыл» (Қостанай), «Ұлытау» (Жезқазған), «Шахтер» (Қарағанды).

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ЭКОАКЦИЯ

ТАЗАЛЫҚ және СПОРТ

«Әкім кубогы» доп додасы

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында «УАҚҮТ» қоғамдық қоры мен Әуезов ауданы әкімдігі бірлесіп, футболдан жарыс ұйымдастырды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сайысқа 16–19 жас аралығындағы колледж студенттері мен оқушылар қатысты. Барлығы 12 команда Әкім кубогы үшін қарсылас команданың қақпасына көбірек гол салуға тырысты. Кіші футбол №116 жалпы білім беретін мектеп стадионында өткізілді. Жарысқа қатысушылар алдымен қолына қапшық алып, стадион маңайын қоқыстан тазартты. Стадионға іргелес жатқан аумақтарды тазартуға белсенді атсалысты. Жеңімпаз командалар арнайы алғыс хат, кубок және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«Аудан әкімінің қолдауымен комьюнити-орталығының ұйымдастыруымен қаламызда өтіп жатқан эконәуқанға орай осындай шаралар легін бастадық. Спорт пен тазалық әрдайым қатар жүргендіктен, екі ұғымды біріктіріп, кіші футболдан турнир ұйымдастырдық. Спортшылар ойынның алдында алаңды тазартты. Осы уақытқа дейін турнирге командалар іріктелді. Кеше жеребе тасталып, бүгін ойын басталды.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны әр ауданда әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылды. Біздің тақырып «Өмір ағашы: өз ағашыңды отырғыз!» деп аталады. Қазірге дейін ықшамаудандарда әкімдік пен орталықтың қолдауымен 200-ге жуық ағаш отырғызылды», – деді «УАҚҮТ» қоғамдық қорының басшысы Бауыржан Сәбитұлы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгерім МЕНДЕШҚЫЗЫ, Әуезов ауданы әкімі аппаратының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы:

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық науқанын және шаһардағы экоакцияны қолдап, жастарымызды спортты сүйу және тазалыққа шақыру мақсатында өткізіп жатырмыз. Аудандық деңгейде өткен жарыс арқылы спортпен айналысатын жастарға спорт бар жерде тазалық та болу керегін насихаттағымыз келді. Кез келген спорт алаңын таза ұстауға және табиғатты аялауға байланысты іс-шараларды республика бойынша қолдауымыз керек деп ойлаймын.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

АЛАТАУДАҒЫ ВЕЛОШЕРУ

«Almaty Arena»-да мәресіне жетті

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алатау ауданы аумағында Момышұлы көшесі бойымен «Almaty Arena»-ға дейін велошеру өтті.



Айнабай
МӘДИ

Аталған шараға жиырмадан астам велосипедші қатысып, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» логотипі бар жалаушаларды алып жүрді. Велошеру Момышұлы мен Мәнке би көшелерінің қиылысында басталып, «Almaty Arena» спорт кешені алдындағы алаңда мәресіне жетті.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алатау ауданында экологиялық маңызы бар біраз шаруа атқарылуда. Оған ағаш көшеттерін отырғызу, көшелерді тазалау секілді шаруалар қосылуда. Мақсат – қоршаған ортаға деген құрметімізді арттыру, ел-жұрттың, яки тұрғындардың тазалық мәдениетін қалыптастыру. Ал науқанға үн қосқан мына велошеру денсаулығы мықты ұрпақтың ғана шаһар шырайын арттыруға сүбелі үлес қосатынының бір дәлеліндей», – деді Алатау ауданы әкімінің орынбасары Бектас Сәбитов.

Атаулы қалалық тазалық шарасы аясындағы велошеруге аудандағы №14 мектептен қатысқан денешынықтыру пәнінің мұғалімі Сайран Асылхан былай дейді: «Велошеруге салауатты өмір салтын сақтау, Алматымын таза шаһар болуына өзіндік үлесімді қосу үшін қатыстым. Әріптестерім де осындай бастамамен велошеруге шықты. Күн райы да керемет. Өте көңілді өтті».

Велошеруге белсене қатысқан «Шаңырақ-1» ықшамауданының мектебінен келген денешынықтыру пәнінің мұғалімі Еркін мырза да әріптесінің пікірін қосып, мұндай тазалық науқаны аясындағы спорт шаралары шаһарымыздағы шәкірттерін шынықтырып, шыңдап қана қоймай, өздері тұрған ортақ үйді көркейтуге, көгалдандыруға жігерлендіретінін айтты.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ БАНК:
ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 474,3 теңге

\$ USD/KZT 443,85 теңге

₽ RUB/KZT 4,8 теңге

¥ CNY/KZT 61,25 теңге